

**Интернеттегі ойды еркін білдіру  
құқығы: еуропалық стандарттар**

**Автор:**

## КІРІСПЕ

Интернеттің пайда болуы қоғамдық қатынас пен пікірталастар үшін жаңа мүмкіндіктерді беріп, көптеген медиа-платформалардың құрылуына септігін тигізді. Сонымен қатар, бұл желілік журналистиканың туындауы мен тәуелсіз БАҚ жарияланымдары үшін кеңістіктің пайда болуына әкелді.

Дегенмен, ЮНЕСКО-ның жақында жарияланған «БАҚ дамуы және сөз бостандығының әлемдік үрдісі»<sup>1</sup>, есебінде, Интернет мүмкіндіктермен қоса көптеген мәселелерді де туындатады делінген. Олар:

- БАҚ-тың дәстүрлі ұйымдық және экономикалық құрылымдарымен;
- нормативтік-құқықтық базамен;
- журналистердің тәжірибелік жұмыстарымен;
- БАҚ-тың өндірістік және тұтынушылық дағдысымен байланысты.

Интернеттің пайда болуымен туындаған барлық мәселелердің шешімімен азаматтық қоғам ұйымдары және бұқаралық ақпарат құралдары, компаниялар, үкіметтің айналысулары шарт.

Бұл құралда Интернеттің дәстүрлі медиалық экожүйелерге әсері және жетекші БАҚ, журналистер мен блоггерлердің<sup>1</sup>, азаматтық журналистердің<sup>2</sup>, интернет-журналистердің<sup>3</sup> және интернет-БАҚ-тың<sup>4</sup> кездесуі мүмкін жаңа мәселелерін шешу жолдары ұсынылады. Бұл барлық мәселелер адам құқығы және оны іске асыру, соның ішінде – сөз бостандығы тұрғысы.

Автор барлық шешімдер халықаралық құқықпен кепілденген, соның ішінде, адам құқығының Жалпылама декларациясы мен Азаматтық және саяси

---

<sup>1</sup> Оксфордтық ағылшын сөздігі «жеке немесе заңды тұлға ретіндегі «блоггерлерді» (мысалы, блоггер азаматтық қоғам ұйымы болуы мүмкін), «вебсайттарды үнемі жаңартып отыратын-«блогтарды» қолдауды қамтамасыз ететін бейне және аудио өнімдері, фотографиялар, сынақтама материалдары көмегімен анықтайды. Блогтар Интернетте ақпаратты қандай да болмасын делдалдар тарапынан алдын – ала қатысуы немесе редакциялауынсыз, мысалы, газет редакторларының өздерінің жариялауларына мүмкіндік береді.

<sup>2</sup> Азаматтық журналистер – бұлар, жай журналистердің мұндай ақпаратқа қол жетімділігі жоқ болған жағдайда, қоғамдық қызығушылықты тудыратын (әскери қақтығыстар немесе азаматтық көтерілістер сияқты) мәселелер жайлы ақпараттарды жариялаушы адамдар. Олар адамдар қақтығысы немесе стихиялық апаттар салдарынан орын алған адамдардың құқығын бұзушылық болмаса адамдардың жапа шегушіліктері жайлы хабарлайды.

<sup>3</sup> Интернет журналистер - онлайн БАҚ-та жұмыс атқарушы дәстүрлі журналистер. Олар және де Интернет желісінен бөлек ресми БАҚ-та жұмыс істеуші, бұрынғы этникалық қағидаттарды сақтаушы және бұрынғы құқықтық қағидаттардың субъектілері болып табылады.

<sup>4</sup> Онлайн БАҚ – бұл, белгілі бір баға төлемінде болмаса ақысыз болуына қатыссыз, музыкалық және бейне, фотоматериалдарды қоса алғандағы, Интернет арқылы таратылатын бұқаралық ақпарат құралдары.

құқықтар туралы Халықаралық пактысының (АСҚХП)19-Бабындағы сенімдер мен ойларды білдіру еркіндігі құқығын көтермелеп және қорғап, құрметтеуі тиіс деген ұстанымға сүйенеді.

Интернеттің пайда болуы сенім мен ойды еркін білдірудің халықаралық құқығы мәртебесін өзгерткен жоқ. Бүкіл әлем бойынша адам құқығының бар түрін қорғау мен жылжытуға жауапты БҰҰ құрылымы болып табылатын, адам құқығы бойынша БҰҰ кеңесі, «адамдардың оффлайн режиміндегі құқықтары, соның ішінде, саяси және азаматтық құқық туралы Халықаралық пактыдағы және адам құқығы Жалпылама декларациясының 19-Бабына сәйкес, кез келген жолмен, мемлекеттік шекараларға тәуелсіз іске асырылуы тиіс сенім мен ойдың еркіндігі құқығын растады».<sup>ii</sup>

Халықаралық деңгейдегі сөз еркіндігі стандарттарын сақтау бейілділігіне қарамастан, мемлекет әдеттегідей Интернеттің пайда болуынан туындаған мәселелерді шешуді қарастыру барысында сенімділік пен ойды білдіру еркіндігінің құқығын ұмытып кетеді. Үкімет кейбір жағдайларда сөз еркіндігінің белгілі бір түрін қылмыстандыру және күрделі технологиялар арқылы оның қолданылуын бақылап немесе Интернетке қол жетімділікті шектеу үшін, өзгертілген коммуникациялық ортадан өз пайдасын көреді. Жаһандық Интернет-компаниялардың біздің интернет-трафикті қалай қоланып және ақпараттарды қалай пайдаланып жатқанымызды анықтай алатындықтары, үрей тудырады. Шындығында, олар біздің нені көріп, нені оқитынымызға ықпал етеді.

БАҚ саласындағы заңнама және саясаттарға байланысты жаңа мәселелерге бағдар жасай отырып сенім мен ойды еркін білдіру тұрғысынан бұл құжат, осы құқықты шектеуді төмендетіп және сөз еркіндігі құқығын іске асыру потенциалын қалай ұлғайту керек деген ұғымды қамтамасыз етуге арналған. Осы басылымда қаралған негізгі мәселелер: Интернеттегі сенім мен ойды білдіру еркіндігі құқығына нелер кіреді? Журналистер мен блогерлер арасындағы айырмашылықтар қандай? Интернетте аноним құқығы бар ма? Блогерлер мен интернет-БАҚ-ты қалай реттеуге болады? Блогерлердің міндеттері мен құқықтары қандай? Интернетте ой еркіндігін білдірудің шегі қаншалықты? Балаларды қорғауды қалай қамтамасыз етуге болады? Теңдік пен беделге, жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы сынды міндеттер мен басқа да тиісті құқықтар және ойды білдіру еркіндігі құқығы арасындағы теңгерім мәнісі неде? Интернеттегі материалдардың мазмұнынан туындаған бұзушылықтарға жауапкершілікті кім атқарады? Блогерлер мен интернет-БАҚ үшінші жақ тұлғаның осындай блогерлер мен БАҚ-тың веб-сайттарында жазған пікірлеріне жауапкершілік алулары тиіс пе?

Бұл интернет-БАҚ, блогерлер және басқа да бүгінгі таңда БАҚ-тың кездесетін дилеммаларына қызығушылық танытатындарға арналған көрнекі құрал. Мақсатты аудиторияның оқуына ыңғайлы болуы үшін, көрнекі құралда сот дәйексөздері және құқықтық нормаларға сілтемелер мақсатты түрде минимумға келтіріліп, ал түсіндірмелердің орнына соңында ескертпелер кіргізілді. Негізгі мәселелерді түсінуге жеңілрек болу үшін, көрнекі құрал мәтіні сұрақ және жауап форматында беріліп отыр. Көрнекі құралда Интернетте ойды білдіру еркіндігі құқығын іске асыру мәселелері сипатталып және Интернеттегі ой

еркіндігі құқығының шектері мен деңгейіне қатысты негізгі сұрақтарға жауап іздеу барысында есепке алынуы тиіс саяси және құқықтық түсініктер келтірілген. Құжатта Интернеттегі сөз еркіндігінің халықаралық стандарттары баса айтылып және Еуропадағы бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің, БАҚ-ты реттеуші органдардың, үкіметтің Интернеттегі ойды білдіру еркіндігі құқығын қалай қорғағандары көрсетілген.

Бірінші тарауда онлайн-мәзмәтін түріндегі құқықтың негізгі элементтері келтірілген, ал екіншісінде интернет-БАҚ және азаматтық журналистер, блогерлер ойларын білдіру еркіндігіне құқықты шектеуге мән берілген. Интернетте блогерлер мен интернет-журналистердің ой еркіндіктерін реттеу тәртібі 3-тарауда жазылған. 4-тарау Интернеттегі дыбыс-бейне және мәтіндік контентті реттеуді қарастырады. 5-тарау Интернетте ой еркіндігін шектеу ерекшелігін: онлайн диффармациясын, агрессияшыл пікірді, Интернетте балаларды қорғау, құпиялықты сақтау және қарақшылықтан сақтауды түсіндіреді. 5-тарау сенім және ой еркіндігі мен әлеуметтік медиа; блогерлер мен интернет –БАҚ пікірлеріне жауапкершілік, контентті шектеу мен жою, мониторинг; домендік атауды реттеу және алу, интернет-БАҚ және блогерлерді лицензиялау; Интернетке қол жетімділік сынды блогерлер мен азаматтық журналистер, интернет-БАҚ жұмысына қатысты басқа да мәселелерді анықтайды.

## **1 ТАРАУ**

**Блогерлер, азаматтық журналистер және интернет-журналистерінің ойларын еркін білдіру құқықтары.**

### *Интернеттегі ой еркіндігі дегеніміз не?*

Интернетте еркін пікір білдіру халықаралық құқықпен берілген. Ойларды білдіру еркіндігі құқығын кепілдендіретін, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактысының (АСҚХП)19-Бабы, мыныны айтады:

- 1) Әр адам еш кедергісіз өз пікірінде қалуына құқылы.
- 2) Әр адам өз ойын еркін жеткізуге құқылы; бұл құқыққа әр түрлі пікірлер мен ақпараттарды мемлекеттік шекараларға тәуелсіз, ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы болмаса көркем түрде білдіру, одан басқа да жолдармен өз еркінде іздеу, алу және тарату кіреді.
- 3) Осы баптың 2-тармағында қарастырылған құқықтарды қолдану ерекше жауапкершілік пен міндеттерді жүктейді. Ол кейбір шектеулермен түйінделіп, сонымен қатар заңмен бекітіліп және міндетті болып табылуы мүмкін:
  - а) өзге тұлғалар беделі және құқығын құрметтеу үшін;
  - б) халық құлықтылығы немесе денсаулығын, қоғамдық тәртіпті, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау үшін.

АСҚХП жасалып және қабылданған сәтке дейін Интернеттің болмағанына қарамастан, сенім еркіндігі және оны әлем бойынша қуаттау мәселесі бойынша есеп және кеңес беруге, мониторингке, оқып білуге БҰҰ тағайындаған тәуелсіз сарапшы болып табылатын, сенім еркіндігі және оны білдіру мәселесі бойынша БҰҰ Арнайы баяндамашысы, «Пакт болашақта технологиялық талдамаларды кіргізіп, сол арқылы ойды білдірудің еркіндігі құқығын адамдар іске асыра алатындай мүмкіндіктері болады деген болжаммен жасалған» деген, сонымен қатар, бұл Интернет сияқты жаңа коммуникациялық технологияларға тең дәрежеде жарамды» деп көрсеткен<sup>iii</sup>.

АСҚХП-ны түсіндіру өкілеттілігі бар адам құқығы бойынша БҰҰ комитеті, аталмыш көрнекі құралдың төмендегі сілтемесіндегі № 34<sup>iv</sup> жалпы ережесіндегі өзінің Ескертпелеріндегі сенімдері мен ойларын еркін білдіру құқықтарының элементтерін баяндаған.

### *Ой еркіндігі құқығына кімдер ие?*

АСҚХП 19 бабына сәйкес, кез келген адам өз ойында еш кедергісіз қалуына құқылы. Ойын еркін жеткізу құқығын іске асыруына, азаматтық, кәсіби немесе басқа да дәрежесі еш маңызды емес. Сол себепті, блогерлер, азаматтық журналистер, интернет-журналистер және интернет-БАҚ-та ойларын еркін жеткізуге толықтай құқылы.

### ***Ой еркіндігі құқығын қалай түсінеміз?***

Құқық білдірілген зиян келтірмейтін пікірлерді ғана емес, сонымен қоса, «мемлекетті немесе қоғамның қандай да болмасын бөлігін мазалап және ұятқа қалдырып, қорлайтын»<sup>v</sup> пікірлері немесе ақпараттарымен, «қатты қорлау»<sup>vi</sup> деп қаралуы мүмкін білдірілген пікірлерді де қамтиды.

АСХҚП 19-бабына сәйкес, ойды еркін жеткізу құқығына кез келген онлайн және офлайн ақпараттары, сонымен қатар мемлекет аумағында немесе шет елдерде жасалған күнделікті және көркем, ғылыми ақпараттар кіреді. Бұл интернет-БАҚ немесе ТД, баспалық БАҚ болсын, кез келген БАҚ түрлеріне қатысты.

### ***Ой еркіндігі құқығының мақсаты неде ?***

Ойды еркін жеткізу құқығы адамдарды мемлекеттен, сонымен қатар сенім мен ойды еркін білдіруді қамтамасыз етіп және қорғайтын, құрметтеуге тиісті Интернет-провайдерлер<sup>5</sup>, бұқаралық ақпарат құралдары, БАҚ реттеушілері және т.б. сияқты жеке тұлғалардан қорғауды қамтамасыз ету үшін халықаралық заңнамалармен танылады.

Мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес, ойды еркін жеткізу құқығын қорғаудың негізгі жауапкершілігін атқарады<sup>vii</sup>.

### ***Ой еркіндігі құқығы қандай элементтерден тұрады?***

Ойды еркін білдіру құқығы келесі элементтерден тұрады:

Сендіру еркіндігі: Сендіру еркіндігі ойды білдіру еркіндігінен өзгешелеу, себебі нақышты қоспайды. Өз сенімділігін ұстанып қалу, ешқандай шектеусіз болуы тиіс<sup>viii</sup>. Әр адам сенімін өз қалауынша қай кезде және қандай себеппен өзгертсе де өз еркінде. Барлық діни немесе моральді, тарихи, ғылыми, саяси сенім түрлері қорғалған.

Ақпарат еркіндігі: Бұл еркіндікке ой-пікір мен ақпаратты тарату және алу, сонымен қатар қоғамның ақпараттануы кіреді. Интернеттің арқасында ақпарат еркіндігі шын мәнінде жаһандық болды, олай дейтініміз, Интернетке әлем бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының кіруімен, жаһандық желіге қол жетімділердің бәрі оған кіре алатын болды.

Интернетте веб-сайттарды құру, ақпарат жариялау және оны алу ақпарат еркіндігі болып табылады<sup>ix</sup>. Интернетке және ақпараттар легіне мемлекет немесе жеке тұлғалар тарапынан қойылған кез келген шектеу ақпарат еркіндігіне араласу болып табылады.

Көркем пікір құқығы: АСХҚП 19-бабына сәйкес, пікір білдіру еркіндігі құқығына оның сапасы мен бағасына тәуелсіз, «көркем пікір формасы түріндегі» пікір кіреді. Көркем пікір басқа да ой-пікірлер түріндегідей деңгейде қорғалады. Бұл әсіресе Интернетте маңызды, себебі әдеттегі көркем

---

<sup>5</sup> Интернет-провайдер – бұл Интернетте қатысып немесе қолдану, қол жетімділік қызметін ұсынатын ұйым. Неғұрлым көбірек тараған интернет- қызметтер түріне Интернетке қол жетімділік, домендік аттарды тіркеу, веб-хостингтар кіреді.

форумдармен салыстырғанда, әркім Интернетте өз өнерімен оның сапасы болмаса бағасына тәуелсіз бөлісе алады.

Өз ойын мәдени түрде білдіру еркіндігі: Өз ойын мәдени түрде білдіру, пікір білдіру еркіндігінің бір бөлігі болып табылады<sup>x</sup>. Интернеттегі тілдердің әр түрлілігі, өз ойын мәдени түрде білдірудің бір формасы болып табылады. Адамдардың әр тілде электронды поштаның мекен-жайы мен домендік атауларын жазу үшін әр түрлі алфафиттер мен рәміздер қолдану мүмкіндіктері болуы керек.

Ғылым еркіндігі: Пікір білдіру еркінді құқығы оқыту, зерттеу және жариялау, сонымен қатар ғылыми және академиялық жұмыстар жайлы ойды білдіруге таралады. Интернет ғалымдар мен зерттеушілердің пікір алмасулары мен ғылыми ақпараттарына қол жетімділік мүмкіндігін айтарлықтай ұлғайтады.

Анонимдік құқығы: Анонимдік ойды білдірудің еркіндігі құқығының бір бөлігі болып табылады<sup>xi</sup>. Интернетті қолданушы адамдарға тіркелу шартын міндеттеу, олардың ойларын еркін білдіру құқықтарына қайшы келеді. Бүркеншік ат маңызды, себебі көптеген блогерлер мен журналистер әр түрлі себептерге байланысты өз цензураларын қабылдайды.

Әшкерелеу құқығы: Бизнес болмаса үкіметтің есебіндегі кемшіліктерді көрсетіп - әшкерелеуге тиым салу – бұл ойды еркін білдіру құқығы еркіндігіне араласу<sup>xii</sup> деген сөз. Көптеген адамдар Интернетте ақпаратты жариялау жолымен теріс пайдалануды анықтайды. Олардың бұл қылықтары қорғала ма әлде жоқ па, ол құпия ақпараттардың жарияламай, тұрғындарды қорғаудың басқа жолдары болғанда және сондай ақпараттың құпиялығын сақтауға мүдделі ақпаратты жариялауға қоғам қызығушылығы басым түсіуіне байланысты болады.

Интернетке қол жетімділік құқығы: Әркім де құрылғыны өз қалауынша қолданып, қызметтер мен қосымшаларға, интернет-контентке барынша қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Интернеттен егер соттың соңғы шара ретіндегі шешімінен туындаған жағдайды есептемегенде, басқа кезде ешкім де өз қалауынсыз ажыратылмауы тиіс.<sup>xiii</sup>

### ***БАҚ және журналистердің қандай құқықтары халықаралық құқықпен кепілденген?***

Пікір мен оны білдіру еркіндігін, сонымен қатар адамдардың басқа да құқықтарын қамтамасыз ету үшін, кез келген ортада еркін және сыни көзқарастағы БАҚ өкілдері басты рөл атқарады.<sup>xiv</sup> Еркін бұқаралық ақпарат құралдары демократиялық қоғамның іргетасы болып саналады.<sup>xv</sup> БАҚ ақпараттарды алу мүмкіндігіне ие болып, сол арқылы мемлекеттік мәселелерді шектеусіз және цензурасыз мәлімдеп, қоғамды ақпараттандырып және өз міндетін орындау мүмкіндіктеріне ие болулары тиіс.

Ойды еркін білдіру құқығы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндік кепілі. Ол мемлекет үшін Интернетті қоса алғанда, журналистік қызметті қорғау және құрметтеу міндеттерін белгілейді. Ол міндеттерге кіретіндер:

1. *Журналистер үшін Интернетте ойды еркін білдіру құқығын тиімді қорғау үшін нормативті-құқықтық базаны қабылдау міндеттері:*

Ойды еркін жеткізу еркіндігі құқығын түсіндіре отырып, Еуропалық адам құқығы бойынша соты (ЕАҚС), қоғамдық бақылаудың өзіндік маңызды міндетін баспасөз Интернеттен алған ақпараттарды қолдануды реттеуші қажетті ішкі ережелерді қабылдамай, іске асыра алмайды деп қаулы етті.<sup>xvi</sup>

2. *Журналистердің онлайн-журналистика контекстіндегі жауапкершілігінің шектеулері:* Ешкім де, тек ондай тұлға контентті өз бетімен орналастырып, немесе мәтінді жою керек деген сот шешіміне көнуден бас тартқан жағдайдағы автор болмаса, Интернеттегі материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік атқармайды.<sup>xvii</sup>
3. *Журналистерді озбырлықтан қорғау:* халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет журналистерге шабуыл жасауға жол бермеуге міндетті. Бұл міндеттемеге мемлекеттің журналистерге жасалған шабуылды жедел тексеріп, қылмыскерлердің ізіне түсіп және оларды жазалау, сонымен қоса өзге тұлғалардың қылмыстық әрекеттері салдарынан өмірлері қауіп үстінде тұрған журналистерді қорғау үшін алдын-ала шара қолдану кіреді.<sup>xviii</sup>
4. *Журналистердің өз дереккөздерін ашыау құқықтарын қамтамасыз ету және қабылдау:* Дереккөздері қорғалмаса, БАҚ-қа қоғамдық қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша оларды ақпараттандыруға көмектен бас тартулары мүмкін. Нәтижесінде баспасөз қоғамдық бақылаудағы өзінің өмірлік маңызды рөлін атқара алмайды.<sup>xix</sup>
5. *Журналистердің мемлекеттік органдардың мәжілістеріне қатысу құқығын қамтамасыз ету және қабылдау:* Журналистерге қоғамдық бақылаудағы маңызды рөлін орындап, саяси оқиғалар желісін дұрыс жеткізіп, парламент және басқа да мемлекеттік органдардың отырыстарына қатыса алулары үшін оларға үкіметтік ғимараттарға нақты кіру рұқсаты қамтамасыз етілуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік органдар отырысына кірулеріне қойылған кез келген шектеулер БАҚ-тың пікірін еркін жеткізу құқығын шектеу болып табылады. Тіркеуді беруден бас тарту орынды және әділ өлшемге негізделіп, ал үрдіс айқын болуы шарт. Өлшем қажеттігіне және үйлесімділігіне қарай қолданылуы тиіс.<sup>xx</sup>
6. *Журналистердің өз мандықтарын лицензиясыз тәжірибелей алатындықтарының дәлелі:* БАҚ-та жұмыс жасағысы келетін тұлғалар, кәсіби ұйымдардағы жұмысы өз қызметінің басталуына дейін ресми рұқсат алуға міндетті емес.<sup>xxi</sup>

### ***Блогерлер, азаматтық журналистер және Интернет-журналистер әдеттегі журналистердің құқықтарындай құқыққа ие ме?***

Блогерлер, азаматтық журналистер және Интернет-БАҚ журналистері дәстүрлі журналистердегідей қорғауға үміткер болулары тиіс. Ұлттық заңнама олардың қорғалу құқығына өлшем мен жағдайды анықтауы қажет.

Еуропа Кеңесі Интернет-БАҚ-тың блогерлер, азаматтық журналистер және басқа да қатысушыларын қосқандағы, БАҚ-тың жаңа анықтауын қабылдауды ұсынады. Соңғылары егер олардың өлшеміне сай келсе, әдеттегі



журналистердегідей қорғауға ие болу құқықтары бар. Бұл өлшемдерге қоғаммен жұмыс жасау және қоғам үмітін ақтау, кәсіби стандарттар немесе редакциялық бақылаумен, бұқаралық ақпарат құралдары мақсатымен, бұқаралық ақпарат құралдары ретінде жұмыс жасағысы келетін, Интернет-БАҚ журналистері мен азаматтық журналистер, блогерлердің мақсаттары кіреді.<sup>xxii</sup>

### **Интернет-журналистер және азаматтық журналистер, блогерлердің басқа да құқықтары.**

Онлайн-журналистер және азаматтық журналистер, блогерлер, адам құқығы саласындағы халықаралық құқықпен кепілденген адамдар құқығына ие:

1. *Мәжіліс, қауымдастық және оларға қатысу құқығы:* бұл және басқа да құқықтар саяси және азаматтық құқық туралы Халықаралық пактінің 21, 22, 25-баптарымен кепілденген. Әр адам отырыстар мен әлеуметтік топтарға қатысып және мобилизациялау, қосылу, жасау мақсатында, веб-сайт, қосымша немесе басқа да қызметтерге, сонымен қатар Интернетте бейбіт наразылық құқығын таңдау еркіндігіне құқылы. Және де, әр адам онлайн-петиция қолтаңбасында және заңнамалық бастамаларда, жергілікті, ұлттық және жаһандық дебаттарда қатысу үшін Интернет-құралдарын қолжетімді қолдану еркіндігіне құқығы бар.<sup>xxiii</sup>
2. *Мәліметтердің құпиялығы және қорғалуы:* бұл құқық саяси және азаматтық құқық туралы Халықаралық пактінің 17- бабымен кепілденеді. Интернеттегі отбасылық және жеке бас өмір құқығына сіздің хабарламаларыңыздың құпиялығын құрметтеу және дербес мәліметтерді қорғау кіреді.<sup>xxiv</sup>
3. *Оқу мен білімділік құқығы:* мәдениет және экономикалық, әлеуметтік құқықтар туралы Халықаралық пактінің 13-бабымен кепілденген. Интернет контекстінде бұл құқық әр адам ресми тілде онлайн-оқуға қол жетімділігі болуы қажет дегенді білдіреді. Әр адам Интернетте өз еркіндігі мен құқығын іске асыру үшін, оқу мен сандық білім алуға мүмкіндіктері болуы қажет.<sup>xxv</sup>
4. *Өздерінің еркіндіктері мен құқықтары бұзылған жағдайдағы құқық қорғаудың тиімді құралдарына құқығы:* Саяси және азаматтық құқық туралы Халықаралық пактісінің 2-бабына сәйкес, адам құқығы бұзылған жағдайда мемлекет құқық қорғаудың тиімді құралдарын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл құқық Интернет мәнмәтінінде Интернет-провайдерлары өздерінде бар барлық мүмкіндіктер мен құқықтардың бәрінен хабардар етіп, сонымен қатар оларды қалай алу керектігін білдіреді. Қосымша ақпарат және ұсыныстармен адам құқығы бойынша мемлекеттік органдар және ұлттық мекемелер қамтамасыз етулері тиіс. Жергілікті билік Интернет желісін қолдану болмаса Интернетте жасалған қылмыстық әрекеттердің барлығынан қорғаулары тиіс.<sup>xxvi</sup>

## 2 ТАРАУ

**Интернет-БАҚ журналистері және азаматтық журналистер, блогерлердің ой еркіндігі құқықтарының шектелуі.**

**Ойды білдіру еркіндігіне шектелу.**

*Ойды білдіру еркіндігінің заңды шектеулері қандай?*

АСҚХП 3 тармағы, 19 бабы ойды еркін білдіру құқығын іске асыру «заңмен белгіленіп және қажет болып табылатын кейбір шектеулермен ұштасуы қажет» мүмкіндігін екендігін қарастырады:

- (а) өзге тұлғалардың беделі мен құқығын құрметтеу үшін;
- (б) тұрғындардың адамгершілік немесе денсаулық, қоғамдық тәртіп, мемлекеттік қауіпсіздік қорғаны үшін.

Бұл қағидадағы, ойды білдіру еркіндігіне құқықты заңды шектеу келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- болжалды және қол жетімді, айқын, заңмен қаралған болуы (заңдық өлшем);
- АСҚХП (б) және 19 (3) бабында аталған заңды мақсаттардың бірін көздеу, атап айтқанда: (i) басқа тұлғалардың беделі мен құқығын қорғау үшін немесе (ii) тұрғындардың адамгершілік немесе денсаулық, қоғамдық тәртіп, мемлекеттік қауіпсіздік (легитимдік өлшем) қорғаны үшін.
- қажеттілігіне қарай болжалды мақсатқа қол жеткізуге қажетті неғұрлым тиісті шектеу құралдары және дәлелі болу (қажеттілік өлшемі).

Бұдан басқа, кез келген ойды еркін жеткізу құқығын шектеуші заңнама, мұндай заңнаманы орынсыз қолдануға қарсы құрал мен наразылық мүмкіндігін қоса алғандағы, теріс пайдаланушылыққа қарсы тиісті кепілдемемен, кемсітушілік те, негізсіз де болып табылмауы үшін, қандай да болмасын саяси, коммерциялық немесе басқа да ықпал әсеріне қатыссыз органмен іске асырылуы тиіс.<sup>xxvii</sup>

Ақыр соңында, саяси және азаматтық құқық туралы Халықаралық пактімен кепілденген, адам құқығын қорғау ережесі, ешкімге де АСҚХП-мен мойындалған, еркіндік пен қандай да бір құқықты жоюға бағытталған қандай да болмасын әрекеттер немесе істермен айналысу құқығын бермейді<sup>xxviii</sup>;

Еуропалық адам құқығы бойынша сотымен (ЕАҚС) шешілген, *Ахмет Елдеримнің Түркияға қарсы Ісі*<sup>xxix</sup>, Интернетте өз ойын еркін жеткізуді шектеу саласындағы сөз еркіндігінің халықаралық стандарттарын қолданудың үлгісі болып табылады. Іс Түркиядағы Google сайттарын шектеу туралы сот шешімінің нәтижесінде блогын көру мүмкін болмаған аспирант тарапынан көтерілген. Сот шешімі өзге адамның ойын білдіру құқығын шектеуге шығарылған, ал аспирант қосымша салдар болды. ЕАҚС түріктік заңнама ешқандай сот шешімін бермегенін (заңдық өлшем сақталмаған) атап өтіп,

соңғысының пайдасына шешті. Мұнымен қоса, еуропалық судьялар осы аспирант сынды үшінші жақ тұлға ойының еркіндік құқығына шектеу тым асыра әсер ететінін бекітті (д. қажеттілік өлшемі сақталмаған). ЕАҚС сонымен қатар, түрік билігі заңсыз мазмұнмен күрес үшін қиылысу шараларын шығаруға онша талпынбады, себебі олар Google сайтында онда заңсыз мазмұнды орналастырғаны және оны жою туралы соңғысын ескертпеген.

*Интернетте ойды білдіру еркіндігі шектеуіне қандай ұстанымдар қолданылады?*

«Оффлайн ортада не қолданылса, онлайн ортада да сол қолданылады» - бұл қағидат 2012 жылы Интернеттегі адам құқығы туралы резолюциясының адам құқығы бойынша Кеңесінде бекітілген<sup>xxx</sup>. Қағидадат болжамында айтылғандай:

- АСҚХП 19-бабы 3- тармағына сәйкес болуы тиіс (Жоғарыдан қараңыз).
- Ойды білдіру еркіндігі құқығы АСҚХП-мен мақұлданған, кез келген еркіндік пен құқықты жоюға бағытталған онлайн-әрекетке қатысатын адамдар тарапынан талап етіле алмайды (Жоғарыдан қараңыз).

**Онлайн ортада ойды білдіру еркіндігінің қажеттілігі туралы шешімді қабылдау үшін қандай факторлардың маңызы бар?**

Онлайн ортада ойды білдіру еркіндігінің қажеттігі туралы шешім қабылданғанда төрт фактор ескеріледі:

#### 1. Айтылу түрі

Халықаралық құқыққа сәйкес кейбір айту түрлері қорғаудың жоғары деңгейін ақтайды. Мысалы, қоғамдық қызығушылықты білдіретін ақпарат, еркіндік, саясат жайлы айтатын БАҚ. Осы айтулар түрін шектеу керек пе дегенді шешуде, мемлекет оны қарастыру барысындағы еркіндікпен шектелген.

*Столл Швейцарияға қарсы ісіндегі<sup>xxxi</sup>, құпия деп саналатын дипломатиялық стратегиялық құжаттамаларды жариялағаны үшін айыптауға қатысты, ЕАҚС журналистердің жалпы мүдделік ақпараттарды таратуына араласуы үшін, мемлекеттің өкілдігі шектеулі деп атап өтті.*

Бұл мысалдан айырмашылығы, коммерциялық айтылымдар (мысалы, жарнама) немесе зиян келтірер сөздерге (кәмелетке толмағандарды қорғау мақсатында) аз қорғаныс беріледі.

Бұл айтылуларға мемлекеттің шектеу қою қажеттілігін өз қалауынша шешуіне айтарлықтай кең өкілеттілігі бар.

Авторлық құқықты бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке қатысты, *Нейдж және Сунде Колмисопилер Швецияға қарсы* <sup>xxxii</sup> ісінде, ЕАҚС интеллектуалды жеке меншікке құқықты қорғауды қамтамасыз ету және қылмыстың алдын-алу мақсатында (авторлық құқықты бұзу) ойды білдіру еркіндігіне құқықты шектеуге мемлекеттің мол өкілдігі бар деп бекіткен.

Тура сол сияқты, сайтында айтарлықтай тұрпайы фотосуреттер орналастырып және онымен қоса сайтқа кірушілердің алдын-ала тексерісі болмаған сайт иесін түрмеге қамауға қатысты, *Перрин Великобританияға қарсы* <sup>xxxiii</sup>, ісінде, ЕАҚС денсаулық және адамгершілікті қорғау үшін мемлекеттің ойды білдіру еркіндігін шектеуге зор өкілдігі бар деп бекітті.

## 2. Мазмұны

Жергілікті заң шығару орындары, қандай мазмұн заңсыз болып есептелетінін анықтаулары қажет.

Қағида бойынша, ұйғарынды шектеу нақты және ерекше болуы тиіс; белгілі бір сайттар мен жүйелердің қызметіне жалпы шектеулер АСҚХП жағдайымен үйлесімді емес. Сонымен қатар, АСҚХП 19-бабы 3-тармағымен мемлекет қолдауымен мемлекет немесе саясат жүйесін сынға алатын сайттағы материалдарды жариялауға тыйым салуға келіспейді. <sup>xxxiv</sup>

Мемлекеттік мекемелер, реттеуші органдар немесе сот интернет-баспаның мазмұнын қарастырғанда, олар бұл мазмұнның қоғамдық тәртіп, азаматтық, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, өзге тұлғалар құқығына және басқа заңды көзқарастарға қалай әсер ететінін қарастыруы тиіс. <sup>xxxv</sup>

## 3. Мәнмәтін

Ойды білдіру мәнмәтіні оны шектеу қажеттігін бағалау барысында маңызға ие болады. Мысалы, жастарды қорғау ерекше көңілді талап етеді, өйткені олардың Интернеттегі осал тұстары өте жоғары.

*К.Ю. Финляндияға қарсы* ісіндегі, <sup>xxxvi</sup> Мемлекеттің жасөспірімді сексуалдық зорлыққа ұшындырған интернет-хабарламаның авторын жауапқа тартып және тексеруге қабілетсіздігі салдарынан дербес құқықтылықтың бұзылғандығына түскен шағымға қатысты, ЕАҚС мемлекеттің педофилдерден балалар үшін интернет-қорғауды ұсыну бойынша міндеттері бар екенін бекітті.

ЕАҚС бұл жағдайда Финляндияның ұлттық заңнамасы онлайн хабарлама қалдырған адамның тұлғасын ашуды қамтамасыз ете алмағандығы салдарынан, әйел немесе еркек екені актіде көрсетілмегенін атады.

## 4. Ашық форум ретіндегі Интернет

Интернетті балалар мен жасөспірімдердің осал тұстарындағы нақты мәнмәтін көзқарасы тұрғысында бақылау қажеттігіне қарамастан, мемлекет АКТ (ақпаратты коммуникациялық технология) саяси партиялар және мемлекеттік емес ұйымдар, адамдардың қолдануын (соның ішінде интернет-форумдар,

блогтар, саяси чаттар, жедел хабар алмасу және басқа да азаматтық коммуникациялар) көтермелеуге міндетті.<sup>xxxvii</sup> Онлайн ортада пікір білдіруге қойылған кез келген шектеу қоғамдық қызығушылықты білдіретін мәселелер бойынша пікірсайысқа кері әсер етпеуі, сонымен қатар оған қоғамның қатысуын шектемеуі қажет.

### ***Онлайн ортада ойды білдірудің еркіндігін шектеудің нақты сипаттамалары бар ма?***

Интернетте ойды білдіру еркіндігіне шектеу сипаттамасының нақты екі түрі бар:

1. Интернетте ойды білдіру саяси билік пен әр түрлі құқықтық дәстүр салдары болып табылатын көптеген жергілікті ережелерге байланысты: сол себепті, мемлекеттерге онлайн ойды білдіру еркіндігін шектеудің жалпы маңызын бағалау қиынға соғады.
2. Тіпті Интернетте ойды білдірудің белгілі бір түріне рұқсат етілмесе де, ондай шектеу қойылмаған шетелдік заңмен қорғанып, бәрібір жауапкершіліктен құтылуға немесе ұлттық заңды айналып өтіп кетуге болады.

Бұл жағдай нацистік ескерткіш заттарын Yahoo!<sup>xxxviii</sup> ақпаратты порталының алпауыт интернет-іздеушісінде сатуға қатысты. АҚШ-қа қарағанда, Францияда мұндай тауарды сату рұқсат етілмеген. Нәтижесінде Францияда Yahoo-ны өзінің онлайн аукционында нацистік заттарды сатуға қолдау көрсеткендері үшін сотқа берген. Дегенмен де, француз заң орындары Yahoo-ны өз заңдарын бұзғандығы үшін сотқа бергеніне қарамастан, АҚШ соты Yahoo-ға қарсы шешімді қабылдамады.

### ***Мемлекет теле-радио хабар таратушы БАҚ және баспадан жеке онлайн ортадағы ойды білдірудің еркіндігін реттеуге міндетті ме?***

«Оффлайн ортада не қолданылса, онлайн ортада да сол қолданылуы тиіс» деген қағидат, блогерлер, азаматтық журналистер мен интернет-БАҚ баспалық немесе теле-радио хабар таратушы БАҚ деп қаралуы тиіс деген сөз емес. Көптеген халықаралық сарапшылар және құқық қорғау ұйымдары, БАҚ-ты реттеудің құқықтық базасы онлайн бұқаралық ақпарат құралдары мен теле-радио хабар тарату, баспалар арасындағы ерекшеліктерді есепке алулары қажет деп санайды.<sup>xxxix</sup> Бұл ой, дегенмен, мемлекет Интернетті ұстауды реттеу заңын қабылдауы тиіс дегенді білдірмейді. Ондай заң қажет емес, себебі зарарлы мазмұндар қазірде-ақ басқа заңдармен және өздігімен реттелеті.<sup>xl</sup>

### ***Ойды еркін білдіру құқығына қатысты дербес жауапкершілік.***

#### ***БАҚ және журналистер жауапкершіліктері мен міндеттерінің ерешеліктері неде?***

АСҚХП 19- Бабы, 3-тармағы ойды білдірудің еркіндігі құқығын іске асыру, ерекше міндет пен ерекше жауапкершілік жүктейтінін қарастырады. Журналистердің ақпаратты бұқараға тарату, басқа адамдардың құқығын құрметтеу, журналистік этиканы сақтау және т.б. міндеттері мен жауапкершіліктері бар.

***Интернет-БАҚ және азаматтық журналистер, блогерлердің жауапкершіліктері мен міндеттерінің ерекшеліктері неде?***

Журналистермен салыстырғанда, блогерлер мен азаматтық журналистер этикалық кодекстер және журналистік стандарттарға сүйенуге міндетті емес. Дегенмен, өз қалауларына қарай, олар кәсіптік стандарттары немесе БАҚ-тың дәстүрлі стандарттарына сүйене отырып, өздерінің этикалық кодекстарын қабылдаулары мүмкін. Егер олар мұны жасаса, кәсіби журналистердей әрекет ете алады.

Егер блогерлер тіпті этикалық кодекстерді жазбаса да, олар жауапкершіліктің келесі нормаларын ұстанулары қажет:

Журналистердің дербес жауапкершіліктері: Кәсіби журналистер жеке блогтарын жүргізіп немесе азаматтық журналистер ретінде іс жүргізе алады. Тіпті сондай жағдайда да, олар журналистер ретінде өздерінің кәсіптік міндеттерін сақтаулары тиісті.

ЕАҚС-пен қаралған, *Азербайжанға қарсы Фатулаев* ісі, жалпыға қол жетімді интернет-форумда жасалған өсек жалаға қатысты. Және де Интернетте ақпаратты жариялау барысында, журналистерге сонымен қатар олардың ойды еркін білдіру құқығын іске асыруға байланысты белгілі бір міндеттер қолданылатынын білдіреді.

БАҚ-тың интернет-мұрағаттарымен байланысты жауапкершіліктері: БАҚ өздерінің онлайн-мұрағаттары үшін жауапкершілік атқарады, себебі олардың білімдік және зерттемелік құндылықтары бар. Сонымен қатар, сондай жауапкершілік блогерлерге де қолданылуы мүмкін.

Бизнесменге жабылған газет санкциясына қатысты жалаға байланысты *Таймс Газеті Ұлыбританияға қарсы* ісінде<sup>xii</sup>, ЕАҚС мақала жала туралы шағым нысаны болғандықтан, Интернет-мұрағаттағы мақаланы тиісті біліктілікпен жариялауды БАҚ-тан қажетті және сәйкес шешімде талап етті. Мұндай жауапкершілікті ақтау, онлайн-мұрағаттарда ағарту және зерттеу құндылықтарының барлығына негізделеді, сол себепті, олардың мазмұндары әдепті болуы шарт.

***Дәстүрлі БАҚ-қа жүктелетін міндеттер интернет-БАҚ пен азаматтық журналистер, блогерлерге де қолданыла ма ?***

Дәстүрлі БАҚ сияқты, интернет-БАҚ та жалпы этикалық және кәсіптік стандарттарды ұстанулары тиіс.

Блогерлер мен азаматтық журналистер кәсіби журналистердің этикалық кодекстарымен тығыз байланыста болулары шарт емес. Егер олар журналистік стандарттарды ұстануға келіссе, болмаса дәстүрлі БАҚ құсап кәсіби стандарттарын жасаған болса, онда бұл қосымша артықшылықтары есебінде қаралуы мүмкін.

Түптеп келгенде, журналистердің міндеттері мен жауапкершіліктерінің көлемі адамның қолданатын техникалық құралы және нақты жағдайына тәуелді.<sup>xliii</sup> Бұл қағида блогерлерге де қолданылуы шарт. Блогерлердің «міндеттері мен

жауапкершіліктерін» анықтау барысында, әсіресе деректерге қатысты, блогерлердегі бар техникалық құралдар мен ресурстар есепке алынуы тиіс.

### 3 БӨЛІМ

#### Интернеттегі ойды білдіруді реттеудің қағидаттары

##### Жалпы қағидаттар

Адам құқығы мен Интернетті реттеу тығыз байланысты. Интернетке қатысты ерекше қағидаттардың бірқатары халықаралық ұйымдардың мойындауларына ие. Бұл қағидаттар жергілікті саясат пен заңдарды, сонымен қатар олардың орындалуы мен іске асырылуын анықтаулары қажет.

1. Онлайндағы адам құқығы, оффлайндағы адам құқығындай қорғанысқа ие. Интернетпен басқару механизмі адам құқығы аясындағы халықаралық заңнамаларға сәйкес өзара байланыс және өзара тәуелділік, бөлінбейтіндік, олардың жан-жақтылығын растай отырып, барлық негізгі құқық пен еркіндікті қорғауды қамтамасыз етулері қажет.<sup>xliii</sup>
2. Онлайн-контентті шектеу, басқа ресурстағы контент шектеуі аясынан шықпауы қажет.<sup>xliv</sup>
3. Ақпаратты алдын-ала бақыланбауы керек.<sup>xlv</sup>
4. Интернетті реттеу қолданушылар мен техникалық жұртшылық, азаматтық қоғам, жеке меншік секторы, үкіметтің толық қатысуын қамсыздандырып, олардың міндеттері мен рөлін ескере отырып, есеп бере және айқын, ашық өткізілуі тиіс.<sup>xlvi</sup>
5. Интернетке қатысы бар саясат пен заңдар, интернет-трафиктің бөгетсіз трансшекаралық ағымына кері әсер етпеуі тиіс.<sup>xlvii</sup>
6. Интернетке қатысы бар саясат пен заңдар, мәдени және тілдік әртүрлілікті сақтай отырып, тіл мен сөзге қатыссыз жергілікті контенттің дамуына септігін тигізуі қажет.<sup>xlviii</sup>
7. Мемлекет Интернеттегі заңның ұлықтылығын қамтамасыз етіп және Интернеттегі қылмыстардан қоғам мен азаматтарды қорғауы шарт.<sup>xlix</sup>

##### Нақты қағидаттар

#### *Интернет-журналистер, азаматтық журналистер, блогерлерге қатысты нақты қағидаттар*

1. БАҚ экоқұрылымының әрекет етуші жаңа тұлғалар мен сандық медиа арқасында болып жатқан дамуы, градиентті және сараланған тәсілді салыстырушы БАҚ-тың жаңа түсінігін анықтауды қажет етеді. БАҚ-тағы классификацияның жаңа түрлері коммуникациялық жағдайға байланысты. Жалпы ақпарат құралдарының жаңа классификациясы үшін көрсеткіштері мен өлшемдері ішкі заңнамамен анықталуы қажет. Олар өздерінің бұқаралық ақпарат құралдары, бұқаралық ақпарат мақсаты, редакциялық бақылау немесе кәсіптік стандарттар, тұрғындармен жұмыс және қоғамдық үмітке ынталылықтарын қосулары қажет. БАҚ-тың жаңа



анықтамасы, сандық бұқаралақ ақпарат құралдарының (интернет-БАҚ және блогерлер), егер олар белгіленген өлшемдерге келетін болса (мысалы, журналистер дереккөзінің құпиялылығын қорғау құқығы), бұқаралық ақпарат құралдарының нақты құқықтарынан пайда көру мүмкіндіктері үшін қажет.<sup>1</sup>

2. Қызмет көрсетуден бас тарту тәуелсіз веб-шабуыл болып есептеледі.<sup>ii</sup>
3. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, қоғамдық қызығушылық танытатын мәселелер бойынша пікірсайыстар өткізуші блогерлер және интернет- платформалар, әлеуметтік бақылаушылар рөлін ойнайды.<sup>iii</sup>

#### ***Қызмет жеткізушілерге байланысты, нақты қағидаттар***

- Қызмет жеткізушілер (интернет-провайдерлер сияқты) шектеулер мен сүзгілер құру үшін нұсқаулықтар енгізулері қажет.<sup>liii</sup>
- Қызметті жеткізушілер мемлекеттік саясатқа ықпал етуші әрекеттердегі әлемдік қоғамдыстық есеп берушілік және айқындықты қамтамасыз ете отырып, техникалық және пайдалану мәселесіндегі жетекші рөлді сақтауы тиіс.<sup>liv</sup>

#### ***Интернет-қолданушыларына байланысты, нақты қағидаттар***

1. Адамдарға интернетті басқаруға қатысу құқығын қоса алғанда, белгілі бір интернет-құқық берілуі шарт, мұнымен қоса олар жеке ұйымдар мен мемлекет тарапынан өз құқықтарына тиімді қорғау ала отырып, заңсыз, қажетсіз немесе сәйкес келмейтін араласушылыққа ұрынбай өз құқықтарын жүзеге асыра алатындай болулары керек.<sup>lv</sup>
2. Қолданушылардың, өздері таңдаған құрылғыларды қолдана отырып, қызметтер мен ұсыныстарға (ақылы және ақысыз), интернет-контентке жоғары қол жетімділік мүмкіндіктері болуы қажет.<sup>lvi</sup>
3. Адамдар өз интернет-сайттарының атауларын таңдау мүмкіндіктеріне ие болулары керек. Домендік атаулар және атау жолағы сынды интернет-сайттардың атауына қатысты пікір білдіру еркіндігі, сөз еркіндігі құқығы нормаларын қолдану шеңберінен шықпауы қажет. Бұл құқық жеке сектор интернет-компаниялары қызметтерінің талаптары мен жалпы ережелерінен басым болуы қажет.<sup>lvii</sup>

## 4 БӨЛІМ

### Онлайн-контентті реттеу және БАҚ конвергенциясы

#### *БАҚ конвергенциясы дегеніміз не?*

Сандық технология, соңғы тұтынушыларға сапалы ақпаратты беретін, қабылдағыш стандарттарына сәйкес икемделіп, сандық биталарына өзгеретін дыбыс пен бейнені білдіреді. Сандық технологиялар БАҚ-қа өз контентін (мазмұнын) әр түрлі платформаларда орналастыруға мүмкіндік берді: мысалы, газеттер өз мазмұндарын Интернетте сақтай алады және олардың веб-сайттары оқушы қауымға онлайн форум арқылы жаңалықтар жеткізуші немесе басқа оқушыларымен өзара қатынас мүмкіндік беретін интерактивті және бейне атқарымдарын ұсына алады. Тура сол сияқты, телерадиокомпаниялардың баспа БАҚ-пен бәсекелесуші мәтіндік сайттары болуы мүмкін.

Сандық технологиялар қосымша қызметтердің туындауына әкелді. Бұрын бір тәсілмен жасалынатындар, енді бірнеше жолдармен жасалынуы мүмкін болды. Мысалы, адамдар соңғы жаңалықтармен өз ұялы телефондары немесе ДК, ноутбук болмаса планшеттері көмегімен таныса алады. Мұнымен қоса, адамдардың қазір нені қай уақытта көргілері келетінін, сонымен қоса өз контентін түрлендіру мүмкіндіктері бар.

Сандық технологияларды қолдану және Интернетті дәріптеу, «БАҚ-ты конвергенциялау» сынды әйгілі үдерістің туындауына әкелді. Бұл үдеріс медиа-контент пен коммуникациялық және ақпараттық технологиялар арасындағы өзара байланысты білдіреді, сонымен қатар БАҚ-дың өз араларындағы және де БАҚ-пен телекоммуникациялық технологиялар (телефондар, спутниктік теледидарлар, интернет) арасындағы шекараларды жояды.

#### *Интернет-БАҚ-ты реттеу қажет пе?*

Дәстүрлі БАҚ жайындағыдай, Интернет-БАҚ-ты реттеу қоғамдық құқық ережесін немесе ұлттық қауіпсіздік мәселесін бақылау, авторлық құқық пен заңды қызығушылықтарды, жеке өмір мен беделдің дербес құқықтылығы сынды құқықты қорғау үшін қажет. Сонымен қоса Интернетті реттеу сөз еркіндігіне тосқауыл қойып, ықпалды веб-сайттар мен іздеу жүйелеріне интернеттегі ойды еркін білдіру жетістігін өз қалауынша анықтауға жол бермей, демократикалық үдерісті жеңілдетуге көмегі болғанда ғана ақталуы мүмкін.

#### *Конвергенция БАҚ-ты реттеуде қандай мәселелер туындайды?*

БАҚ конвергенциясы БАҚ қызметін реттеудегі әрекет етуші моделінің түпкі мәселесін көтереді. Бұрындары БАҚ тек бір платформаны (газеттер, журналдар, теледидар, радио) қолданып және кең көлемдегі бұқара немесе жеке клиенттер арасында таратып, оған балалар қол жетімділігі және т.б. аудиторияларға олардың ықпалы деңгейіне байланысты әр түрлі реттеу деңгейінің нысаны болды. Конвергенция БАҚ-қа өз контентін таратуға әр түрлі платформаларды, сонымен қатар онлайн мәтіндер, бейне және аудио материалдарды қолдануға мүмкіндік берді. Мұнымен қоса, қазіргі кезде әр қалаушы онлайн-контентке жеңіл қол жеткізе немесе сондай контент жасай алады. Журналистер мен журналист емес адамдар арасындағы айырмашылықтар білінбей бара жатыр.

БАҚ-ты конвергенттік ортада реттеу мәселесіне:

- Кім бұқаралық коммуникацияны бақылауға тиіс: стандарттарын жасап және олардың орындалуын бақылау?
- Әр түрлі БАҚ-тың мазмұнына болашақта қандай стандарттар қолданылуы тиіс? Баспа және хабар таратушы бұқаралық ақпарат құралдарына қолданылатын стандарттар, интернет-БАҚ-қа да қолданылуы мүмкін бе? Адамдар интернет-контентке қарағанда, теледидар бағдарламалары үшін неғұрлым жоғары деңгейлі қорғауды күте ме? Шегін қай жерден жүргізу қажет?
- Кімдер интернет-ортада журналистер және журналистер емес (азаматтық журналистика) болып табылады? Интернет-журналистермен қандай құқық кепілденуі қажет?
- Реттеуші органдар арасында конвергенция қажет пе?
- Қоғамдық қызығушылыққа құндылығын білдіретін, дұрыс әрі бәсекеге қабілетті сандық БАҚ-ты қалай қамтамасыз етуге болады?
- Каковы государственные пошлины для Конвергенттік БАҚ-қа мемлекеттік баж салығы қандай? Мемлекетте дәстүрлі БАҚ-тың конвергенттікке өту үдерісіне араласуы тиіс пе? Олар жаңа медианың дамуына себепкер болулары тиіс пе?

### ***Конвергенттік ортада БАҚ-ты қалай реттеу қажет?***

Заңнамадан еркін аймақ ретіндегі интернет болмайды. Бақылау қажет, мысалы үшін, Интернет арқылы таралатын терроризмге арандатушылық, балалар порнографиясы, және т.т. қатысты жалпы келісім бар. Дегенмен, мемлекет Интернеттегі диффамация туралы заңнаманы қолдану туралы, провайдерлердің жауапкершіліктері және басқа коммуникациялық құралдарын қолдану жайлы ешқандай келісімге әлі жеткен жоқ.

БАҚ конвергенциясын реттеу моделіне ерекше тәсіл әзірге жоқ. Кейбіреулер бұл жерде радикалдық тәсіл қажет деп есептеп, ережелер мен реттеулерді өзгертуге шақырады; кейбірі қазіргі кезде қалыптасқан статус-кво-ны қолдаса, қайсібірі өздігінен реттелу мен бірлесіп реттеуді ұсынуда.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы конвергенциясы туралы қандай заңнамалық шешімге қол жеткізілсе де, одан тәуелсіз түрде олар БАҚ плюрализмі және еркіндігі, ой еркіндігіне құқықты қамтамасыз етулері қажет.

Журналистердің тексерілмеген интернет-дереккөздерін қолдануларына қатысты, *Украинаға қарсы «Әділ іс» редакция алқасы және Штекель* ісінде, ЕАҚС ойды еркін білдіру құқығын Интернеттегі журналистердің ойларын білдіру еркіндіктерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті нормативті базаны жасауға мемлекетке оң міндеттер жүктеуші ретінде түсіну қажет екенін мойындады.<sup>lviii</sup>

Украиндық «Әділ іс» газеті жергілікті басшыларды қылмыстарымен айыптайтын анонимдік хатты веб-сайтта жария етті.

Газет, хаттың Интернетте жарияланып және оның тексерілмегенін

көрсеткенімен, украиндық сот, бұл шенеуніктердің атына кір келтірді деп тапты. Жергілікті сот, украиндық заңнама журналистерді басқа БАҚ-пен жария етілген сілтемелік материалдары үшін азаматтық жауапкершіліктен босатылатындарын атады.

ЕАҚС, Интернеттен алынған ақпаратты қолдануды украиндық заңнама шала түсіндіреді, нәтижесінде, газет бұл қорғаныс нормасының олардың ісіне қатысы жоқ екенін болжалдай алмады деп бекітті. ЕАҚС ойды еркін білдіру құқығын Интернеттегі журналистердің ойларын білдіру еркіндіктерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті нормативті базаны жасауға мемлекетке оң міндеттер жүктеуші ретінде түсіну қажеттігін бекітті.<sup>lix</sup>

### ***Бұқаралық коммуникацияны кім бақылайды?***

Жаңа медиа-технологиялар интерактивті қосылулар мүмкіндігін береді. Коммуникациялық құрылым ғалами, жекешеленген және бағынышты емес. Интернетті ешкім бақылауда ұстап және қолдап тұрмағандай, миллиардтаған жекешеленген компьютер операторлары және желілері бір бірімен қандай түрде байланысатындарын өздері шешіп, соның нәтижесінде істеп тұрғандай көрінеді.

Интернеттің жекешеленген құрылымы, БАҚ шет елде жұмысын атқарып жүріп, мемлекеттік шектеулерден құтылып кетулері мүмкін дегенді білдіреді. Дегенмен де, мемлекет контентті цензуралап немесе стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету үшін, интернет-провайдерлары сияқты интернет-делдалдарына талаптар қою жолымен, Интернетті бұрынғыдай бақылай алады. Мұнымен қоса, интернет жүйесі ұлттық деңгейде орталықтандырылуы мүмкін болғандықтан, мемлекет интернеттің архитектурасы мен бағдарламалық кодын бақылай алады.

2011 жылғы бүкіл египеттік интернеттің жабылуы, мемлекеттің интернетті бақылауында ұстауының дәлелі: Египетте 2011 жылы үкімет интернетті үзіп тастады, олар азаматтық наразылық акциясы кезінде адамдардың оны кеңінен қолдануы, мемлекет мүддесіне қауіп төндіреді деп күдіктенді. Желіден үзу, өкіметтің интернет-трафикке елге кіруіне және одан шығуына сервер арқылы көмектесетін, қосымша интернет-қызметтер қабаты бар, ұлттық брандмауэр құруы арқасында мүмкін болды.

Келесі жағынан, интернет-провайдерлары сияқты, жеке интернет-делдалдары да Интернеттегі ақпараттар ағынын өздігінен бақылай алады. Өзінің демократиялық сипатына қарамастан, интернет сөз еркіндігіне жеке шектеу немесе жеке субъект тарапынан қарсы-бәсекелестік өткізілуі қаупін сақтайды.

### ***Интернеттегі мәтіндік мазмұнға қандай ережелер қолданылуы тиіс?***

Сөз еркіндігі көзқарасы тұрғысынан заңдар баспалық БАҚ-тың мазмұнын реттеуге міндетті емес деген жалпы түсінік бар. Мұндай мазмұндар ар мен бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, ұлттық қауіпсіздікті қорғау және т.б. немесе өздігінен реттелуі туралы жалпы заңға сәйкес болуы шарт. Демократиялық елдердегі баспалық БАҚ мазмұнына қойылар талаптар, БАҚ –

тың өздері қабылдаған этикалық кодекстарында жазылған. Талап репортаждар (мәселе тексерудің әділетсіз әдісі, сөйлеген сөздерде өшпенділікке уәждеу, диффамация жайлы) немесе әлеуметтік мәселелерден (куәгерлер мен қылмыскерлер, есеп беруге байланысты үшінші жақтан сыйлық болмаса ақша алу және т.б.) келген зияннан үшінші жақ тұлғаны қорғауға топталған.

Онлайн-контент қорғаушылары, баспалық БАҚ контентінің қорғаушыларындай демократиялық мақсатқа қызмет етеді. Осындай жолмен, онлайн-контентті реттеу үшін қосымша арнайы заңның қажет еместігін бекітуге болады. Бұның орнына, БАҚ өзін-өзі реттеуші немесе жалпы заңды, мысалы, жала немесе жеке өмір құқығын реттеудің мәні бола алады.

Басқа жағынан, кейбір жағдайларда БАҚ плюрализмін қамтамасыз ету үшін құқық ережесіндегі, олардың контенттерінің сапасы мен нақтылығын, балансын, растығын көтермелеу уәжді екенін растауға болады. Мысалы, барлық онлайн БАҚ-тың тек үкіметті немесе оппозицияны қолдау жағдайы, БАҚ-тың әр түрлілік пікіріне қайшы келеді және ондайға жол берілмеуі тиіс. Мұнымен қоса, қоғамдық теле-радио хабар таратушылар өздерінің веб-сайттарындағы орналасқан ақпараттардың үйлестірілген, әділдігін сақтауға міндетті болулары мүмкін.

### **Дыбыс-бейне контентіне қандай талаптар қолданылуы тиіс?**

Баспасөз БАҚ-қа қарағанда, теле-радио хабар тарату контентін реттеу ТРК құру және оның жұмыс жасауының қымбаттылығына байланысты, хабар тарату нарығындағы ойыншылар санының басынан бастап аздығына байланысты оның бейтараптық немесе контентінің әр түрлілігін қамтамасыз ету қажеттігі көзқарасы тұрғысынан ақталды. Теле-радио хабар таратушы контентін реттеуші ереже, әлеуметтік және саяси мақсатты неғұрлым кең (бағдарламалар мен жаңалықтардың тура және нақтылықтарына талап) көрсету үшін, немесе үшінші тұлға (дәл келмейтін репортаждар мен жосықсыз немесе зорлық тәсілдеріне қарсы ереже) немесе аудиторияны қорғауды қамтамасыз ету (соның ішінде, балаларды) үшін әдетте Еуропада хабар тарату реттеушісімен қабылданатын, тарату кодексінде айтылады.

Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесі теле-радио хабар тарату материалдары мазмұнына қатысты, нақты ережелер қабылдады.

### **ЕО директивасы дыбыс және бейне материалдары жөнінде**

Теле-радио хабар таратушылар контенті Еуропа Одағындағы хабар тарату қызметінің еркін жылжуына септігін тигізетін дыбыс-бейне материалдарына<sup>6</sup> қарағанда, ЕО Директивасымен реттеледі. Директиваға өшпенділікті қоздыруға тиым салу және еуропалық шығармаларды тарату мен жылжыту, коммерциялық коммуникация, кәмелеттік жасқа толмағандарды қорғау құқығы кіреді. Ереже ең төменгі ортақ стандарт болып табылады. ЕО мүше-мемлекеттері тарату мазмұны бойынша ең қатал ереже ендіре алады.

---

<sup>6</sup> 1987 ж. 11 желтоқсандағы , 2007/65/ЕС ЕО Кеңесінің Директивасы

Директиваға тапсырысты ТД-ды қоса алғанда, кең таратылымды барлық хабарлар қызметі үшін қолданылатын, өшпенділік пен арандатушылықтан және кәмелетке толмағандарды қорғауға арналған ережелер енеді. Соңғысы, БАҚ-жеткізуші қызметі ұсынған каталог ішінен көрермен бағдарламаны таңдағанда, тапсырыс бойынша бейне материал ұсыну қызметін көрсетеді.

Директива әр ЕО мемлекеттеріне хабар таратушылардан ұлты немесе діні, жынысы, нәсілдік белгілері бойынша өшпенділікке ұрындыратын материалдарды таратпауларын талап етуге міндет жүктейді.

Директива сонымен қатар неғұрлым осал көрермендерге негативті әсерді шектей отырып, кәмелетке толмағандарды қорғау үшін реттеу жүйесін ендіреді. Сәйкесінше, ТРК және интернет-қызметке қатысты ереже айырмашылықтары бар.

#### *Аналогтық ТВ қызметін реттеу*

Кәмелеттік жасқа толмағандардың дамуына «айтарлықтай нұқсан келтіруі мүмкін», соның ішінде порнография немесе жөнсіз зорлық жайлы бағдарламаларға тиым салынған.

Кәмелеттік жасқа толмағандар үшін «зиян» болуы мүмкін бағдарламалар, оларды балалар көріп немес естулері мүмкін еместігіне (таратуға сәйкес уақыт таңдалып немесе кандай да бір техникалық шара қолданылғанда (мысалы, шифрлау)) кепілдік болғанда ғана, таратыла алады. Мұнымен қоса, барлық шифрланбаған бағдарламаларға дыбыстық ескертпелері айтылып болмаса олардың таратылуы кезінде көзбен шолатын нышаны анық көрінуі тиіс.

#### *Сұраныс бойынша қызметті реттеу*

Аналогтық теледидардан айырмашылығы, сұраныс бойынша қызметте кәмелеттік жасқа толмағандардың дамуына «айтарлықтай нұқсан келтіруі мүмкін» бағдарламаларға рұқсат етілген. Тек оларды жай кездері кәмелеттік жасқа толмағандар көріп немес етімеулері тиіс. Бұған ПИН-кодының көмегімен немесе басқа да жас өлшемін тексеретін неғұрлым күрделі жүйе арқылы қол жеткізуге болады.

Сұраныс бойынша қызметте, жай «зиянды» болуы мүмкін деген бағдарламаларға шектеу жоқ.

Директиваға «дамуына шындап нұқсан келтіруі мүмкін» және «нұқсан келтіру мүмкіндігі ықтимал» деген түсініктер кірмеген, бұл дегеніміз мемлекет өз анықтамаларын қабылдауы мүмкін дегенді білдіреді. Порнографиялық мазмұндама (Директивамен анықталған) және жөнсіз зорлық туралы құжаттың басында келтірілген. Тағы айта кетері, мемлекет қабылданбайтын мазмұнды анықтау өкілеттілігіне ие болып, сонымен қатар өзінің ішкі заңнамасында «кәмелеттік жасқа толмаған» деген түсінікті кіргізе алады.<sup>1x</sup>

Директива, кәмелеттік жасқа толмағандарды өшпенділікке азғырушылыққа қарсы және қорғау бойынша міндеттемелердің үйлестірілген және ойды еркін білдіру құқығын сақтауы тиістігін заңдастырады.

*ЕО-тың балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық қолдану, сексуалдық зорлыққа қарсы күресі бойынша Директивасы.*

ЕО-тың балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық қолдану, сексуалдық зорлыққа қарсы күресі бойынша Директивасы,<sup>lxi</sup> балаларды сексуалдық мақсатта азғырып және балалар порнографиясы, балаларды сексуалдық пайдалану, сексуалдық зорлық саласындағы ықпалшаралар мен қылмыстық істі анықтауға қатысты төмен деңгейдегі нормаларды бекітеді. 5-Бабы мемлекеттен балалар порнографиясын трансляциялап немесе таратып, орналастырғанды қылмысты деп, еркінен айырудың ең ұзақ мерзімі түрінде, бірақ 2 жылдан кем уақытқа жазалауды талап етеді.

#### *Трансшекаралық телевизия туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы*

Еуропа Кеңесінің мүше-елдеріне (қазіргі таңда ЕО-тың барлық 28 елдерін қосқанда, 47 ел кіреді) арналған *трансшекаралық телевизиясы*<sup>lxii</sup> туралы *еуропа кеңесінің конвенциясы*, сонымен қатар хабар таратудың мазмұнын да реттейді. 7-Бабы хабар таратушылардың міндеттерін белгілейді және барлық қызметтер мен таратылатын бағдарламаларға адамның жеке басына және басқа тұлғалардың негізгі құқықтарына құрметпен қарайтын контентін міндеттейді. Соның ішінде, оларда:

- a) әдепсіз, әсіресе порнография (Конвенцияда «порнография» терміні анықталмаған) болмауы;
- b) нәсілдік өшпенділік және зорлықты шамадан тыс тарату болмауы тиіс.

Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты, Конвенция бағдарламалардың балалар мен жасөспірімдердің адамгершілік немесе ақыл-ой, физикалық дамып жетілулеріне қауіп келтіретін барлық элементтері, оны кәмелеттік жасқа толмағандар көруі мүмкін деген уақытта таратылмауы қажет деп бекітеді.

Хабар таратушылар, сонымен қоса сенім мен ойды еркін қалыптастыруға шақыратын оқиғалар мен фактыларды тарату барысында әділдікті қамтамасыз етуге міндетті.

#### ***Халықаралық дыбыс және бейне стандарттары онлайн дыбыс-бейне контентіне қалай қолданылуы тиіс?***

Әр түрлі жолдары бар. Кейбір мемлекеттер телерадио хабарларын таратуға қолданылатын ережелер, интернеттегі дыбыс және бейне контентін реттеу үшін қолданылуы тиіс деген ұсынысты қабылдамайды. Басқалары дәйекті тәсілді ұстанады.

АҚШ Жоғарғы соты, интернет мазмұны телерадио хабар тарату контентіндей реттелуі қажет деген аргументті жокқа шығарды.

*Америкалық азаматтық еркіндік үшін күрес одағына қарсы Рено* ісінде, Жоғары сот төрешілері 18 жасқа дейінгі тұлғаларды «анық қорлаушы» немесе «әдепсіз» материалдарды интернет арқылы таратқаны үшін жазалау санкциялары бар, 1996 жылғы БАҚ әдебін сақтау туралы Актісі ережесінің конституциялығын қарастырды. АҚШ үкіметі әдепсіз материалдарды таратуға үйлес тыйымы бар телерадио хабар таратумен интернеттің ұқсас екеніне дәйек келтірді. Жоғары сот төрешілері интернеттің кемірек таралу түрін және ресурс тапшылығының жоқтығын көрсетіп, интернеттің телерадио хабар таратумен үйлес екеніне келіспеді және бұл жағдайда мемлекеттік бақылау мен реттеуге ешқандай негіз жоқ деген шешімге келді. Дегенмен де, Жоғары сот «барлық

дерлік сексалдық-ашық көріністерге (АҚШ-та) ондай мазмұн туралы ескерту жүретінін», және де қолданушының ашық сексуалдық мазмұнмен «кездейсоқ» кездесіп қалуының «мүмкіндігі жоғары» екенін атады.

Еуропада – нақты айтсақ, ЕО мемлекеттерінде – ТВ үшін дәстүрлі ереже интернет медиа-контентіне де, тек дыбыс және бейне материалдарына қатысты АО Директивасында көрсетілген «медиа қызмет жеткізушілерінің» келесі жеті өлшемдеріне блогтар мен интернет-БАҚ сай келгенде ғана таралады:

1. *БАҚ/блогтың коммерциялық мақсаты бар ма және төлем мөлшерін қамтамасыз ете ала ма?* Мемлекет медиа қызмет жеткізуші қызметі ретінде істері реттелетін, интернет-контент провайдерларының коммерциялық қызметінің көлемі мен түрін анықтауға өкілетті. Италияда табыс деңгейінің басты белгісі 100 000 евро болып табылады. Италиядан айырмашылығы, Нидерландта мына факторлар, тіпті мәселе коммерциялық емес ұйымдар жайында болғанда да, қызметтер мен өнімдер, брендтерді жылжыту, демеушілік көмек немесе жарнаманың болуы, материалдардың мазмұны ретінде қаралады. Егер блогерлер мен МЕҰ өз блогынан ешқандай кіріс көрмесе, олар бұл өлшемге жатпайды;
2. *БАҚ-тың мазмұны алды-ала редакциялық бақылауға жата ма?* ЕО Директивасы дыбыс және бейнелік материалдарға қатысты, редакциялық бақылау алдын-ала болуы қажет дейді; сол себепті материалдарын орналастырған соң ғана бақылауды жүргізетін You Tube пен Facebook, бұл өлшемге сәйкес келмейді;
3. *Провайдерлардың негізгі мақсаты неде?* ЕО Директивасы дыбыс және бейнелік материалдардан, басты мақсатқа бұқараның көңілін көтеретін және ағарту, ақпараттандыру бағдарламалардың қоюды талап етеді. Егер бейне бизнес-сайттар немесе газеттің электрондық нұсқасына сәйкес мағынаға ие болса, онда мұндай контент Директива ұсынған ережеге сай келмейді.
4. *Хабарлардың бағдарламалары бар ма?* Өлшемге сәйкес келу үшін қозғалымдағы бейне немесе дыбыс хабардың немесе бағдарлама тізімдемесінің белгіленген кестесінде шығуы тиіс. Әрине, газеттің электрондық түрі кесте бойынша жарияланбайтын болғандықтан, бұл өлшемге сәйкес келмейді. Сол себепті Директива оның газеттер мен журналдардың электрондық түріне тарамайтынын анық хабарлайды.
5. *Контент мақсаты көңіл көтеру және ағарту, ақпараттандыруда ма?* Мысалы, веб-камералар мақсаты ақпараттарды жазу, сондықтан веб-камералардан бейне таратушы веб-сайттар бұл өлшемге сай келмейді.
6. *Контент кең жұртшылыққа бағытталған ба?* Жеке хат алмасу, тар бағыттық мағынадағы бағдарлама немесе басқа да жіберілім табағы бойынша контент бағдарламасы сынды ауыздықталған болмаса тар бағыттағы ақпарат, бұл өлшемге сай емес.
7. *Контент электрондық коммуникация желілерінің көмегімен тарала ма?* Әлбетте, бұл талапқа барлық интернет-БАҚ сай келеді.

ЕО мүше-елдері өздерінің ұлттық заңнамалары, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сол талаптарда көрсетілген жеті өлшемге сай келетін, барлық Интернет-БАҚ контент және дыбыс-бейне материалдарына қатысты ЕО Директивасына сай келетінін кепілдендірулері қажет.



## 5 ТАРАУ

### Интернет-контент шектеуі

Балалар порнографиясы ОБСЕ-нің барлық 56 мүше-елдерінде қылмыс болып саналады. Бірақ басқа онлайндық айтылым категорияларында әр мемлекеттерде әр түрлі түсіндіріледі. Бір елдердегі қорлаушы немесе орынсыз деп саналатын, бірақ заңға қайшы келмейтін жайт, басқа бір елде қылмыс деп саналады. Онлайн-айтылым тәсілі ерекшелігінің негізі, абыржыту және есеңгірету, зәбір көрсетілетін деңгейді қосқандағы, ойды білдіру еркіндігіне әр түрлі деңгейдегі төзімділік болып табылады.

АҚЕС еуропалық мемлекеттері демократиялық дәстүрін есепке ала отырып, «демократиялық қоғам» сипаттамаларына көзқарас кеңдігі және төзімділік, плюрализм енегінін айтты.<sup>lxiii</sup> Сондықтан, демократиялық мемлекеттер, демократиялық болып табылмайтын зиянды мазмұндарға барынша төзімді.

Мемлекет ойды білдіру еркіндігіне қатысты айырмашылықтар себебінен, интернет-контентке қолданыла алатын шектеуді келісе алмайды. Дегенмен де, БҰҰ-ның арнайы баяндамашысы сөз еркіндігі мәселесі бойынша, халықаралық заңнамаға сәйкес шектелуі мүмкін ойды білдіру еркіндігінің келесі түрлерін атап өтті:

- балалар порнографиясы (балалар құқығын қорғау үшін);
- өшпенділікті тұтату (өзге тұлғалар құқығын қорғау үшін);
- диффамация (негізсіз шабуылға қарсы өзге тұлғалар беделін және құқығын қорғау үшін);
- геноцид жасауға тікелей және ашық азғырушылық (өзге тұлғалар құқығын қорғау үшін);
- өшпенділік және зорлық, кемсітушілікке азғырушылық болып табылатын діни немесе нәсілдік, ұлттық жек көрушілікті қолдауға шақыратын айтылымдар (өмір құқығы сынды, өзге тұлғалар құқығын қорғау үшін).<sup>lxiv</sup>

### Өшпенділік және расизм насихаты туралы контент шектеуі

#### *Өшпенділік насихаты қатынасына халықаралық стандарттар қандай?*

Еуропалық мемлекеттер келесі әрекеттерге қылмыстық жауапкершіліктер енгізулері шарт:

1. Компьютерлік жүйе арқылы тарату

- а. расистік және ксенофобиялық материалдарға;
- б. расистік және ксенофобиялық дәлелді қауіптерге;
- с. расистік және ксенофобиялық дәлелді қорлау;

d. адамгершілікке қарсы қылмыс немесе геноцид ақтауы болмаса мақұлдауы, кеміту, бас тарту.<sup>lxv</sup>

## 2. Зорлық пен зомбылыққа азғырушылық.<sup>lxvi</sup>

Барлық мемлекеттер БҰҰ деңгейінде кез келген формадағы кемсітушілікті және нәсілдік жек көрушілікті көтермелеп болмаса ақтауға тырысқысы келетіндерді, этникалық шығу тегі немесе белгілі бір түстегі тұлғалар тобын, болмаса бір нәсілдің жоғарылығы теориясына немесе идеясына негізделген барлық ұйымдар мен кез келген насихатты кіналауға міндетті<sup>lxvii</sup>.

Барлық ОБСЕ-ге мүше-елдердің ксенофобия және нәсілшілдік мазмұндағы контентке тыйым салатын белгілі бір құқықтық ережелері бар. Әлем елдерінің жарым бөлігінде адамгершілікке қарсы қылмыс немесе геноцидті ақтау немесе қолдау, кемсіту, бас тартуға тиым салатын ережелері бар.<sup>lxviii</sup>

### ***Өшпенділік насихаты дегеніміз не?***

Халықаралық құқықта «өшпенділік насихаты» деген термин анықталған да, бекітілген де жоқ. Еуропа Одағы 97 (20) Ұсынымына сәйкес, өшпенділік насихатына кіретіндер:

нәсілдік жек көрушілік, ксенофобия, антисемистік және басқа да жек көрушілікке, төзімсіздікке негізделген формалары, соның ішінде: шыққан тегі шетелдік адамдар мен мигранттар, азшылық ұлттарға жауластық пен кемсітушілік, агрессиялық түрде көрсетілген этноцентризм мен ұлтшылдық.<sup>lxix</sup>

### ***Өшпенділікті насихаттауды шектеу қажет пе?***

«Ойды білдіру еркіндігі құқығы әдетінше залалсыз деп есептелетін ақпараттар мен ойларға ғана емес, тіпті, алаңдатып немесе мұқалтып, жәбірлеуі де мүмкіндеріне таралатындықтан»<sup>lxx</sup>, мұндай мәлімдемелерге қатысты мемлекеттің араласу қажеттігі әр іс жағдайына қатысты болады. Бұл дегеніміз, кейбір өшпенділік насихаты түрлері төзімді, ал қайсібірі төзімсіз болуы мүмкін дегенді білдіреді.

Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот, мемлекеттің төзімсіздік негізіндегі өшпенділікті ақтап немесе ынталандырып, арандатып, тарататын кейбір әрекет түрлеріне немесе бәріне қатысты санкция енгізу керек пе деген мәселеде, кең көлемде шешу еркіндігі бар екенін растады.<sup>lxxi</sup>

### ***Мемлекет онлайн өшпенділік насихатын қалай санкциялайды?***

Кейбір мемлекет онлайнда өшпенділікті насихаттағаны үшін арнай жауапкершілік жүктейді. Мысалы, Албанияда интернет арқылы нәсілдік төзімсіздік немесе ксенофобия, сонымен қатар ксенофобтық сарындағы болмаса нәсілдік негіздегі қорлау, қылмыс болып табылады. Интернет арқылы жіберілген нәсілдік және ксенофобтық қоқан-лоқы да қылмыстық жауапкершілікке жатады.<sup>lxxii</sup>

Бұнымен салыстырғанда, Австриядағы интернеттегі өшпенділік насихаты нақты қылмыс болып табылмайды. Онымен қоса, насихат түрлерінің бәрі бірдей

қылмыстандырылмаған. Қылмыстық кодекс, егер арандатушылық сарыны қоғамдық тәртіпке қатер төндірсе, мемлекетке немесе тайпаға, халыққа, белгілі бір нәсіл тобына болмаса шіркеу, нақты діни қауымға қарсы дұшпандық әрекеттер жасауға ашық нәсілдік арандатушылық болса ғана қылмыс деп табады.<sup>lxxiii</sup>

***Өшпенділік насихатына қарсы санкция ендіру қажеттігіне қандай факторлардың маңызы бар?***

Бұған дейін айтылғандай, өшпенділік насихаты мәселесі бойынша сот шешімін шығарушы сот алқалары және басқа да органдар, санкцияның сәйкес және қажет екенін түсінулері керек. Әрбір жекелеген жағдайларда олар айтылым контексті мен тәсілі, келтірілген залал, айтушының пиғылы сияқты нақты жағдайды қарастырулары тиіс. Ойды білдіру еркіндігіне қойылған шектеуді ақтап шығу үшін, сот орындары мен төрешілер тиісті және жеткілікті негізді алға тартулары тиіс.

***БАҚ өшпенділік насихаты бар репортаждарға жауапкершілік артауға тиіс пе?***

Мемлекет өшпенділік насихатын шектеу барысында БАҚ-қа өшпенділікті тұтату және нәсілдік сынды қоғамдық қызығушылық тудыратын мәселелер жайлы ақпараттандыруға кедергі жасамауы тиіс.

Ұлттық заңнама және оны қолдану тәжірибесі бір жағынан, «өшпенділік ойын білдіруші автордың жауапкершілігін», екінші жағынан «қоғамдық қызығушылықты білдіретін мәселелер бойынша пікірлер мен өзінің ақпараттарды беру миссиясы шеңберінде оларды таратуға септігін тидірген бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері мен бұқаралық ақпарат құралдары жауапкершілігін айыра білуі қажет.<sup>lxxiv</sup>

***Өшпенділік насихатын таратудағы БАҚ жауапкершілігін қалай анықтау керек?***

Өшпенділік насихатын таратқаны үшін БАҚ жауапкершілігі ісін қараушы сот және басқа органдар, сот қаулысын шығарушылар келесілер жайлы хабардар болулары шарт:

- нәсілдік жайлы репортаж, ксенофобия, және басқа түрдегі төзімсіздіктер халықаралық құқықпен толықтай қорғалғанын;
- БАҚ-қа қарсы тиісті жазалау шаралары әр бір нақты іс жағдайын есепке ала отырып дәлелденуі тиіс, мұнымен қоса «берілген мәліметтердің мақсаты мен мәнмәтіні, мазмұны, сипаты» есепке алынуы шарт;
- «сонымен қатар журналистік еркіндікке құрмет, мемлекеттік билік немесе төрешілер журналистер қолданатын репортаж талдамалары тәсілі мен сипаты жағынан БАҚ-қа өз пікірін таңбауды білдіреді».<sup>lxxv</sup>

## **Терроризмге арандатушылыққа шектеу**

Интернет терроризм әрекетіне арандатушылыққа белсенді қолданылады. Кейбір елдерде терроризмге қатысты контент тарату, қылмыстық іс болып қаралады. Басқа елдерде, кім ондай контентті жүктеп және террористік материалдары болса, оларға террористік заңнама шеңберінде айып тағылады.

### ***Терроризмнің алдын алу үшін, қандай айтылым заңнан тыс деп жариялануы қажет?***

Терроризмнің алдын алу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы мемлекетті терроризмнің алдын алып және келесі әрекеттермен:

- террористік қылмысқа көпшілікті арандатушылықпен;
- рекрутинг және террористерді дайындаумен күресуге міндеттейді.<sup>lxxvi</sup>

Осы әрекеттер және олар интернет арқылы жасалған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қолданылады.

### ***Блогерлер мен интернет-БАҚ-қа терроризмге қарсы заңнама қандай түрде қолданылуы тиіс?***

Терроризм туралы заңнама ойды білдіру еркіндігінің негізгі қағидаттарына, соның ішінде баспасөз еркіндігіне қайшы қолданылмауы тиіс.

Блогерлер немесе интернет-БАҚ-қа қарсы терроризмге арандатушылық айыбын қарастыру барысында, төрешілерге олардың ниеті және олар келтірген нақты залалға көңіл бөлгендері жөн.<sup>lxxvii</sup> Мәлімдеме мен залалдың арасындағы қатынас түсінікті де үйлес болуы шарт. Жарияланған мәлімдеме оқшау түрде емес, айтылым мен барлық мәнмәтін жарияланымында және іс жағдайындағы барлық мәнмәтінде қаралуы шарт.<sup>lxxviii</sup>

### ***Терроризмге арандатушылық қалай реттеледі?***

Мемлекетте терроризмге арандатушылықтың, террористік насихат және/немесе террористердің интернетті қолдану қылмыстылығының әр түрлі тәжірибесі бар.

Мысалы, Финляндияда, Қылмыстық кодексте терроризмге арандатушылық қылмыс деп саналғанымен, терроризмге үгіттеуші материалдарды ұстау қылмыстық жазаға жатпайды. Ал, Албанияда бұдан өзгешелігі, терроризмге үгіттеуші материалдарды ұстау қылмыс теп табылады.<sup>lxxix</sup>

Кейбір, Словения, Ұлыбритания және Франция сынды елдер, террористік әрекеттерді жариялау және қоғамдық насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік ендірсен, басқа елдер оны жасаған жоқ.

## **Балалар порнографиясына шектеу.**

### ***Балалар порнографиясына қатысты халықаралық стандарттар қандай?***

ЕО киберқылмыстық мәселелер бойынша конвенциясы, мемлекеттен қылмыстық жауапкершілікті мыналар үшін ендіруін талап етеді:

- Балалар порнографиясы бағдарламасын өндірген, таратқан немесе жариялаған;
- Балалар порнографиясын сатып алған және сақтаған, көпшілікке қолжетімді жерге орналастырған, ұсынған.<sup>lxxx</sup>

Балалар порнографиясын көзбен шолуды бейнелеуші:

(a) ашық сексуалдық әрекеттерге қатыстырылған, кәмелеттік жасқа толмағандарды;

(b) ашық сексуалдық әрекеттерге қатыстырылған, өзін кәмелеттік жасқа толмаған ретінде көрсетуші тұлғаны;

(c) ашық сексуалдық әрекеттерге қатысқан, кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаның шынайы бейнесі, порнографикалық материалдар ретінде қаралады.<sup>lxxxi</sup>

### ***Мемлекет балалар порнографиясымен қалай күреседі?***

Барлық мемлекеттер кәмелеттік жасқа толмағандардың қатысуымен болған порнографиялық материалдарды насихаттау немесе сату, жарнамалау, тарату, өндіру әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік өндірген.<sup>lxxxii</sup>

Мемлекеттер шынайы емес кейіпкерлермен (суреттер, картиналар, мультфильмдер және т.б.) жасалған балалар виртуалдық порнографиясына әр түрлі қарайды. Австрия мен Ұлыбритания сияқты елдер, мұндай суреттемелерді жасап шығаруға қылмыстық жауапкершілік өндірді. Ал оларды жеке қолданысына ұстауға болады. Албания, Болгария, Беларусь және басқа елдерде мұндай ережелер жоқ.

### **Келеңсіз контент және ашық сексуалды мазмұндағы контентке шектеу.**

#### ***Келеңсіз контент және ашық сексуалды мазмұндағы контентке қатысты қандай халықаралық стандарттар бар?***

Ойды еркін жеткізу құқығы «мазалап және ұятқа қалдырып, қорлауы» мүмкін пікірлер мен ақпараттарға да таралатындығына қарамастан, халықаралық құқық мемлекеттің сенім мен ойды білдірудің еркіне шектеудің заңдылығына қатысты, АСХҚП 3-бабында айтылған үш өлшемді міндетті түрде сақтағанда ғана, қоғамдық адамгершілік мүддесіндегі сөз еркіндігін шектеуін қабылдайды.

#### ***Келеңсіз контент және ашық сексуалды мазмұндағы контентке нелер жатады?***

Халықаралық құрылымдар, келеңсіз қылықтың жан-жақты концепциясын қабылдаудың, сонымен қатар оны абсолюттік нақтылықпен құраудың қиындығын мойындауда. Олар барынша кең көзқарасты ұстанады және адамгершілік мәселесінің жергілікті және ұлттық мәдениет пен дәстүрге тығыз байланыстылығын мойындайды.<sup>lxxxiii</sup> Осыған байланысты, мемлекеттерде келеңсіз қылықтарды анықтаудың әр түрлі жолдары мен көзқарастары бар.

Еуропаның көптеген елдерінде келеңсіз қылықтар егер шегінен шығып болмаса деңгейінен асып кетпесе, оларға заңмен тыйым салынбайды. Мысалы, ондайларға, малдармен болған немесе зорлықты көрсетуші жыныстық актілері бар материалдар жатады.

Барлық еуропалық елдер, мұндай ақпаратқа балалардың қолжетімділігі қаупі бар болғанда, ой еркіндігін қатаң шектеуде бірдей.

Келеңсіз қылықтары үшін жауапқа тартылған, порнографиялық сайттың иесіне тағылған жала туралы, *Ұлыбританияға қарсы Перрин*<sup>lxxxiv</sup> ісінде, ЕАҚС ойды білдіру еркіндігінің құқығы бұзылған деп таппады, оған себеп веб-сайт иесінің кәмелетке толмағандарды келеңсіз контент ықпалынан қорғай алмағандығы. Олар тіпті болмағанда, мысалы, сайтқа кірушілердің жас мөлшерлерін тексерулері қажет еді.

Ұлыбританияға қарсы Перрин жағдайына қабылданған шешім, блогерлерге де қатысты, сол себепті мұндай қателіктер үшін олар жауапкершілік атқарулары мүмкін.

***Мемлекет адамдарды анонимдік сексуалдық жауыздардан қорғауға міндетті ме?***

ЕАҚС, мемлекет сексуалдық жауыздардан және олардың Интернеттегі жеке ақпараттарын беруден балаларды қорғау үшін түп негізін қамтамасыз етуі тиіс деп бекітті.

*Финляндияға қарсы К.Ю.*<sup>lxxxv</sup> ісі, мемлекеттің баланы сексуалдық жауыздар тарапынан тиісу қаупіне душар етіп, 12 жасар қыз баланың жеке мәліметтерін танысу сайтына жариялаған белгісіз адамды теңестіруден бас тартуына қатысты болды. Бұл істе ЕАҚС, мұндай ақпаратты жария етуші адамның жеке тұлғасын интернет-провайдерлерінен анықтауға полицияның заңды өкілеттілігі болмағанын түсіндірді.

Мемлекет балаларды қорғау үшін, неғұрлым маңызды оқиғаларда анонимдік тұлғалардың жеке тұлғасын ашуға рұқсат беретін, заңнамалық ережелермен қамтамасыз етуі қажет. *Финляндияға қарсы К.Ю.* ісі бойынша шешім, балаларды қорғау мәселесіне қатысты болса да, нақ сондай қорғаныс ересектерге де қажеттігіне нық сендіруге болады.

**Интернет-қарақшылыққа шектеу**

***Авторлық құқық блогерлер мен интернет-БАҚ-қа қалай әсер етеді?***

Авторлық құқық ұлттық және халықаралық заңнамамен қорғалған және материалдық тасымалдаушыға түсірілген түпнұсқалық шығармалардың авторлық қорғау формасы болып табылады. Авторлар авторлық құқықтың иегерлері болып табылады және келесі құқықтарға ие:

- Жұмыстардың көшірмелерін жасауға;
- Түпнұсқаға негізделген жаңа жұмыстарды жасауға;

- Жұмысты сату, жеке меншік құқығын беру, жалға беру, лизинг немесе кредитке беру жолымен таратуға.

Құқық иегерлері өз жұмыстарын адамдарға қолдануға бере алады. Құқық иесінің келісімінсіз мұндай қолдану авторлық құқықты бұзушылық болады.

БАҚ-тың репортажы мен жарияланымдары авторлық құқықтарды мына жолдармен бұзуы мүмкін:

- өзге адамның музыка және бейне, мақалалар, фотосуреттер түріндегі түпнұсқалық туындыларын рұқсатсыз жария ету;
- көркем және сән көрмелері сияқты, көркем немесе әдеби шығармалар, қоғамдық жазбалар арасындағы рұқсат етілмеген көрсетілімдер;
- телебағдарламалар Бағдарламаларын рұқсатсыз көрсету.

### ***Мемлекет авторлық құқықты қалай қорғайды?***

Авторлық құқықты бұзу санкциясы әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауапкершілік түрінде қарастырылған.

Бірқатар елдердің (Франция, Ұлыбритания) сараланған қайтарымды әрекеттерінің («үш есе соккы») бары, авторлық құқық жайындағы заңдарының ерекшеліктері болып саналады; бұл механизмдер Интернеттегі авторлық құқықты бұзумен күрес үшін ендірілген. Механизмдер, қолданушыны екі ескерту алып және интеллектуалды меншікті үш рет бұзғаннан кейін ғана, Интернеттен шеттетеді, немесе Интернетке қолжетімділікке рұқсат бермейді. Құқық иесінен оның құқығы бұзылғандығы туралы шағым алынған соң, провайдер абонентті оның IP-адресі авторлық құқықпен қорғалған материалды заңсыз көшіру үшін қолданғаны расталғандығынан хабардар етуі тиіс. Егер ескертпе елеусіз қалдырылса, провайдер екінші ескерту жасайды. Сот немесе тәуелсіз орган болжалды құқық бұзушының жазылымын белгілі бір уақыт мерзіміне тоқтата алады. Құқық бұзушыларға қарсы әрекет әкімшілік немесе азаматтық, қылмыстық жауапкершілікті жоққа шығармайды.

### ***Авторлық құқық және ойды білдіру еркіндігіне қатысты халықаралық стандарттар қандай?***

Авторлық құқықты қорғау халықаралық және ұлттық заңнамалармен кепілденген, жеке меншік құқығының бөлігі болып табылады. Халықаралық және ұлттық төрешілер авторлық құқық ойды білдіру еркіндігіне әсер ететінін қазірден-ақ бекітіп, келесі қағидаттарды анықтады:

- Авторлық құқық абсолюттік болып табылмайды, сол себепті, шектеуге жатуы мүмкін;
- Шектеу нақты әр жағдай негізінде, дербес анықталуы тиіс;
- Сот авторлық құқық туралы істі қарау барысында ойды білдіру еркіндігі құқығы мен жеке меншік құқығының арасындағы теңгерімді және ойды білдіру еркіндігіне шектеудің заңдылығын бағалау үшін халықаралық

құқықпен белгіленген өлшемдерді сақтауы шарт (АСХҚП 19-Бабы 3-тарауының үш тармақшалары);

- Мемлекеттің авторлық құқық жайлы істі шешу барысына кең ауқымда еркіндігі бар. Ондай еркіндіктің басым көпшілігі жарнамалар немесе коммерциялық айтылымдар жағдайында көрінеді. Дегенмен, егер авторлық құқықты бұзу әлеуметтік немесе қоғамдық қызығушылық тудырушы мәселелерді талқылауға әкеп тіресе, онда мұндай жағдайда мемлекет қатаң бақылау жүргізуі тиіс. Бұл тәртіп онлайн-контентті жою немесе веб-сайттарды тежеуге сұраным сияқты алдын-ала шектеулерге байланысты жағдайларда қолданылады.
- Және, ақырында, авторлық құқықты қорғау үшін араласулар да, қылмыскерге қарсы ықпалшаралар да ойды білдіру еркіндігі құқығының (АСХҚП 19-Бабы 3-тарауының үш тармақшалары) кепілдемесіне сәйкес болуы шарт. <sup>lxxxvi</sup>

## **Интернеттегі жала жабу мен тіл тигізулерден шектеу**

### ***Жала жабу деген не (диффамация)?***

Жала жабу түсінігіне, басқа адамның беделіне нұқсан келтіретін жалған мәлімет кіреді.

### ***Диффамацияның халықаралық стандарттары қандай?***

Жала жабу адам құқығы саласындағы халықаралық құқықпен қорғалатын және жеке өмір бөлшегі болып табылатын беделге ықпал етеді. Адам құқығы бойынша БҰҰ Комитеті АСХҚП 19-Бабы және бедел, ойды білдіру еркіндігі, диффамация туралы заңдар арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуші басты қағидаттарды бекітті:

- Қатысушы-мемлекеттер диффамацияның қылмыстандыру туралы мәселесін қарастыруы қажет; кез келген жағдайда да, қылмыстық заңнама тек ең маңызды жағдайларда ғана қолданылуы қажет және бас бостандығынан айыру қандай жағдайда болмасын жазалаудың тиісті шаралары болмауы шарт.
- Адамға жала жапты деген айып тағылғаннан кейін, мемлекет сот үрдісінің жеделдетуін кепілдендіруі қажет, олай етпеген жағдайда бұл тұлға және басқа тұлғаларға ойды білдіру еркіндігіне шамадан тыс шектеу қойылуы салқын нәтиже тудыруы мүмкін;
- Диффамация туралы барлық заңдар, соның ішінде қылмыстық, шындықты қорғауға бағытталуы шарт және өз негізінде тексеріске жатпайтын айтылым түріне қолданылмауы тиіс;
- Мемлекет қателесіп, бірақ өшпенділіксіз жарияланған, әсіресе, қоғам қайраткерлерінің түсініктеріне қатысты, заңсыз мәлімдемені айыптамауы тиіс. Басқаша айтар болсақ, заң ойды білдіру еркіндігіне қоғамның қызығушылығы беделден басым болуы және ақпаратты жинау мен тарату негізі қателіктерге әкелуі мүмкіндігін мойындауы қажет. Мұндай қателіктерге көбінесе оқиғаны



жариялар алдында әр фактіні қайта тексеріп шағуға журналистердің тоса алмайтындықтары себеп болады. Егер автор қаскөй ниетпен жасамаса, олар еленбеуі тиіс. Ондай жағдайларда журналистер бұл материалдарды дайындау кезінде олардың кәсіби стандарттар мен этиканы сақтағандарын растайтын материалдарын ұсынып, зұлым қаскөйлік ойламағандарын дәлелдей алады. Төрешілер материалдың толық мәтінімен танысу арқылы, журналистің ниетін анықтауы тиіс;

- Мемлекет шектен тыс жазалау шарасы мен ықпалшараларды қолданбауға тырысуы және жеңген жақтың шығынын толтыру бойынша жауап берушіге тағылатын талаптарды орынды шамада белгілеуі тиіс.

- Интернеттің ерекше сипатынан дәстүрлі БАҚ үшін сай келетін және заңды деп табылатын шектеулер мен ережелер, көбінесе Интернетке қатысты олай болмайды. Мысалы, жеке тұлғалар беделі диффамациясы жағдайында, келтірілген зиянның орнын тездеп толтыру үшін оның жауап беру құқығына мүдделі тұлғаның мүмкіндігін ескере отырып, оффлайн диффамациясына қолданылатын санкция түрлері қажетсіз немесе үйлесімсіз болуы мүмкін.<sup>lxxxvii</sup>

### ***Бедел мен ойды білдірудің еркіндігі құқығы арасын халықаралық соттар қалай теңгереді?***

Беделді қорғауға бағытталған шектеу, сөз еркіндігінің басқа да шектеулеріндей:

- Заңмен қаралған;
- Беделді қорғау үшін сай әрі қажетті болуы қажет;

Адам құқығы туралы Еуропалық соты, сай келетін және қажеттілік мәселесін қарастыру барысында, қоғамдық қажетті талапты шектеу негізін анықтау үшін келесі өлшемдерді қолдана, ойды білдіру еркіндігі құқығы мен жеке өмір құқығы арасын теңгереді:

- Айтылым қоғамдық пікірге үлес келтірді ме?
- Бұл тұлға қаншалықты жақсы танымал және репортаждың тақырыбы неге құрылған?
- Бұл тұлғада осыған дейін не болды?
- Жарияланымның мазмұны, түрі және салдары?
- Ақпаратты алған кездегі жағдай қандай? <sup>lxxxviii</sup>

### ***Интернеттің пайда болуы диффамацияға қалай әсер етеді?***

Интернет кез келген қолданушыға өз көзқарасын жариялау мүмкіндігін береді. Мұндай мүмкіндік көпшіліктің пікірсайысқа қатысуын жоғарылатып, сонымен қатар жала жабу көлемін де ұлғайтты. Мазалайтыны, Интернеттегі диффамацияға қатысты істер санының ұлғаюы, ойды білдіру еркіндігіне ықпал етуі мүмкін. Себебі, кейбір мемлекеттер қазірдің өзінде-ақ интернеттегі жала жабуға арналған ережелерін қабылдады.

2013 жылғы Ұлыбританияның диффамация туралы заңы Интернетке байланысты диффамация туралы елдің әрекеттегі заңнамасына келесі өзгерістерді енгізді.

**Жарияланым үшін бірыңғай ереже:** Заң жала жапқанға наразылығын білдіруге бір жылдық мерзімді бекітеді. Жаңа ереже бойынша, егер айыптаушы бұл жарияланымды бірінші рет қуыным мерзімі өтіп кеткеннен кейін көрсе, онлайн-жарияланымға талап қою мүмкіндігінен айырылады.

**Шын залалды көрсетуін талап ету.** Жала жабылғанына шағымданған қуынушы, оның арызындағы айтылғандар «шын залал» келтіруі мүмкін немесе келтіргендігін дәлелдеуі қажет. Егер, өтініш нәтижесінде, өнім алу үшін сатумен айналысушы бизнес – компания немесе басқа ұйым «маңызды қаржылық шығындарға» ұшырамаса, онда оның беделіне қатты нұқсан келмеген деп саналады.

**Веб-сайттардың ерекше қорғанысы.** Онлайн мультимедиялық порталын қоса алғандағы, веб-сайттардың операторлары, үшінші тұлғалардың жала жабу өтінішінен заң жүзінде қорғалған. Заң веб-сайт операторларын ескертпелерге тиісті түрде көңіл бөлуге міндеттейді. Егер оператор зұлым пиғылмен жасаса немесе, егер қуынушы операторға жала жабылғандығы (үшінші жақ аноним болса) өтінішіне қатысты шағымды көрсетсе және оператордың оған сәйкес жауабы болмаса, мұндай қорғаныс іске аспайды.

### ***Онлайн – жала үшін қайда сотқа беруге болады?***

Интернеттің жаһандық сипаттамасы және диффамацияға қатысты әртүрлі өлшемдері, соның ішінде, беделге келтірген зияны үшін жаза, қуынушының сотқа оңай беріп және... жеңіске деген неғұрлым көбірек мүмкіндігі бар мемлекеттің сотына диффамациялық қуыным беруі, айтқандайын, «тиімді сот күзіретін таңдау» немесе «соттық туризмге» әкеп тірейді.<sup>lxxxix</sup> Тиімді сот күзіретін таңдау ықпалды қуынушыларға (бизнесмендер немесе юристік үлкен департаменттері бар компаниялар) интернеттегі жала жабылған жарияланым ғажаһандық қолжетімділік салдарынан олардың беделіне сол жақта нұқсан келтірді деп сендіріп, шетелде БАҚ-ты сотқа беруге мүмкіндік береді.

Ойды білдіру еркіндігі құқығына қатысты, төрт халықаралық мандаттың интернетте ойды еркін жеткізу туралы бірлескен декларациясы,<sup>xc</sup> мынаны хабарлайды:

Интернет-контентке қатысты заң ісі күзіреті, бұл жағдайға нақты және айтарлықтай байланысы болғандықтан,әдетінше, автор сол жақта болып және сол жерде бұған мемлекет арнайы бағыттаған контент жүктелетіні себепті, мемлекетпен шектетілуі тиіс. Жеке тұлғалар оларға қай жерде елеулі зиян келді және олар оны дәлелдей алатын заң күзіретінде ғана («соттық туризм» ережесіне қайшы) істі қозғай алады.

**Жеке өмір құқығын қорғау үшін ойды білдіру еркіндігіне шектеу.**

Жеке өмірді қорғау қажеттігі жағдайында, ойды білдіру еркіндігіне шектеу қойылуы мүмкін. БАҚ пен блогерлер әйгілі адамдардың жеке өмірі жайлы жаңалықтарға көпшілік қызығушылығын қандыру мақсатында жеке өмір сүру құқығын бұзып, жаңа технологияларды қолданбаулары шарт.

Сонымен қоса технологиялық инновация мемлекеттің жеке коммуникация және жеке адам өміріне араласу мүмкіндігін жоғарылатады. Журналистер мен блогерлер осал және онлайн-байланысқа тәуелді болғандықтарынан бақылау нысанына тез айналулары мүмкін. Олар үшін олардың коммуникациясына бақылау жүргізу апатты салдарға әкелуі мүмкін.<sup>xci</sup>

### ***Жеке өмір сүру құқығына қатысты, халықаралық стандарттар қандай?***

Жеке өмір сүру құқығын қорғаушы, АСХҚП 17-бабына сәйкес, ешкім де өзінің жеке өміріне жөнсіз немесе заңсыз араласып болмаса оның беделі мен абыройына кір келтіріп, немесе корреспонденция және тұрғын жайына қол сұғушылардың қылығына ұшырамауы тиіс.

Адам құқығы бойынша БҰҰ Комитеті жеке өмір сүру құқығы өлшемдерін бекітті<sup>xcii</sup>:

- Жеке өмір сүру құқығы, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар тарапынан ешқандай араласушылық пен қол сұғушылыққа жол берілмеуі кепілдігін беруі тиіс.
- Мемлекет осындай қол сұғушылық пен араласушылыққа, сонымен қатар осы құқықты қорғауға тиімді шектеу ендіру үшін заңды және басқа да шаралар қабылдауы тиіс. Электрондық немесе басқадай аңду, телефон байланысы мен басқа коммуникация түрлерін тыңдау және сөздерді жазуға тиым салынуы қажет.
- Тиісті заңнама мұндай араласушылықтың болуы мүмкін мейлінше толық және нақты жағдайды қарастыруы шарт.
- Әрбір нақты жағдайда жеке өмірге араласу туралы шешім, анықталып, қаралған белгілі бір заң органымен шешілуі тиіс.
- Кез келген негізделген араласушылық әрбір нақты жағдайда тиісті және сәйкес болуы қажет.

2013 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы «сандық дәуірдегі жеке өмір сүру құқығы» атты резолюциясын қабылдады. Ондағы ережеде «адамдар оффлайн ортада қандай құқыққа ие болса, жеке өмір сүру құқығын қоса алғандағы, онлайн ортада да сәл солай қорғалуы тиіс» деп бекітілген.<sup>xciii</sup>

Интернеттегі шифрлау және анонимдік, ой еркіндігі құқығын еркін іске асыруды қамтамасыз ету және жеке өмір сүру құқығының белгісі болып табылады. Олар ешқандай қиындатылып немесе оларға тиым салынбауы керек және адам құқығы туралы заңнаманың үш бөлігіндегі ережелер қатаң сақталған жағдайда ғана шектелуі мүмкін.<sup>xciv</sup>

***Фотосурет жарияланған жағдайда жеке өмір сүру құқығы және ойды білдіру еркіндігі құқығы арасындағы теңгерімді қалай сақтау керек.***

Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот (ЕАҚС):

- жеке өмір сүру құқығы және ойды білдіру еркіндігі құқығы тең құрметке ылайық;
- көпшілік алдындағы қайраткерлер, олардың жеке өмірі қоғамдық өмірлеріне әсер етуі мүмкін жағдайды есептемегендегі кездерде, өздерінің жеке өмірлерін қорғау құқығына ие. Көпшілік алдындағы қайраткерлерге, мемлекеттік қызмет және/немесе мемлекеттік ресурсты қолданушы тұлғалар, ал одан да кеңірек алсақ, барлық, саясат, экономика, мәдениет, әлеуметтік орта, спорт немесе кез келген саладағы белгілі бір рөл атқарушы тұлғалар жатады.
- белгілілі бір жағдайларда көпшіліктің мүддесін қорғау үшін, жеке өмір құқығына шектеу қойылуы мүмкін. Бұл жерде тек саяси немесе қылмыстық мәселе ғана емес, сонымен қатар, егер олар «демократиялық қоғамда пікірталас тудыра алатын» фактілер болса, артистер мен кең танымал адамдарға да байланысты сөз қозғалып тұр.<sup>xcv</sup>

Фотосуретті жариялауға кез келген шектеу, жеке өмір сүру құқығын қорғауға сәйкес және қажеттілігі болып, әрі заңмен негізделуі шарт.

Фотосуретті жариялауға шектеудің сәйкес және қажеттілігін қарастырғанда келесі өлшемдерді сақтау қажет:

- Фотосурет, қоғам қызулығын білдіруші пікірталасқа ықпал ете ала ма?
- Фотосуреттегі қаншалықты жақсы танымал тұлға (демек ол адам «көпшілік алдындағы қайраткер болып табыла ма»)?
- Осыған дейін бұл тұлғаға не болды?
- Жарияланымның мазмұны, түрі және салдары қандай?
- Фотосурет жасалған кездегі жағдай қандай?
- Салынған ықпалшаралар үйлесімді ме?<sup>xcvi</sup>

*Германияға қарсы Фон Ганновер ісінде (2) ЕАҚС-қа қуынушы - марқұм Ренье III (Монако князы) қызы және оның жұбайы, олардың жеке өмірлерінің фотосуреттерін баспасөзде жариялауға жол бермей және ордер алуға неміс сотына өтініш берді. Фотосуреттер олардың келісімінсіз демалыс кездеріндегі тау шаңғысы шипажайында түсіріліп, екі неміс журналында басылып та үлгерді. Жергілікті сот екі фотосуретке қатысты олар қоғамдық қызығушылық білдіріп, пікірсайыс тудырмайды деп тауып, жарлық қағазын берді. Бірақ, үшінші фотосуретке қатысты шектеу қоюдан бас тартты. Онда қуынушылардың демалыс уақыттарындағы Санкт-Морицтегі тау шаңғысы шипажайында қыдырып жүрген кездері түсірілген және аталмыш фотосуреттің астында князь*

Рененің денсаулығының нашарлығы жайлы жазылған мақала орналастырылған. Осы фотосуретке қатысты жергілікті сот, басқарымдағы князь денсаулығының нашарлығы көпшілік қызығушылығын тудырған және фотографпен берілген тұжырым конституциялық тұрғыдан лайықты болған деп шешті.

ЕАҚС, князь Рене ауыруына неміс сотымен берілген қоғамдық оқиға мәртебесі негізді деп есептеле алады және журналдағы мақала мен фотосурет ханшайым мен оның жұбайының жеке өмір сүру құқығын бұзған жоқ, ешқандай ұятқа қалдыратын және қорлайтын мазмұны болған жоқ, ал басылым Монако князының денсаулығына қатысты сол сәттегі көпшіліктің жоғары ынталы қызығушылықтарымен ақталды деп қаулы шығарды.

Мұнымен қоса, қуынушылар көпшілік алдындағы қайраткерлер деген шешім қабылданды. Фотосуреттер түсірілген жағдайға қатысты айтсақ, жергілікті соттар тарапынан, фотосуреттердің жасырын немесе басқа да ыңғайсыз жағдайда жасалғаны жайлы қуынушылар ешқандай дәлел келтірмегендері есепке алынды. ЕАҚС, қуынушының жеке өмір сүру құқығы бұзылғандығын таппады және ұлттық соттар қуынушылардың жеке өмір сүру құқығы мен басылымдағы ойды білдіру еркіндігінің құқығы арасындағы теңгерімді мұқият сақтаған деген шешімге келді.

Фотосуреттер жарияланымын шектеу жағдайындағы тексерістер, телефондағы әңгімені жолай ұстау тәсілімен алынған ақпараттар және сот шешімін жариялау, қылмыстық істі қарастыру туралы репортаждар сынды жеке өмір сүру құқығын БАҚ-тың бұзуына байланысты басқа да жағдайларда жүргізіледі.

### ***Мемлекет жеке өмір сүру құқығын қандай жолмен қорғай алады?***

Мемлекет жеке өмір сүру құқығын тиімді қорғайтын, сонымен қатар, сот орындары осы құқық пен жеке өмір сүру құқығы арасындағы теңгерімді сақтайтынын кепілдендіретін заңды қабылдауы тиіс.

Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы мемлекеттерге өз заңдарындағы журналистерге қатысты азаматтық сипаттағы санкцияларына ерекше көңіл аударуды ұсынды.<sup>xcvii</sup>

## 6 ТАРАУ

**Блогерлер және интернет-журналистер үшін басқа да кепілдіктер.**

**Интернетке қолжетімділік: блогерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының интернетке қолжетімділік құқықтары.**

*Желілік тең құқықтық дегеніміз не?*

Желілік бейтараптық немесе «желілік тең құқықтық» Интернеттегі мәліметтердің барлық трафиктеріне үздіксіз қолжетімділік және тең дәрежелік қағидаты ретінде анықталады. Іс жүзінде бұл, желілік операторлар мен провайдерлер қолданушылардың интернет-контентке барынша жоғары қолжетімділіктері болуы үшін, контенттің пайда болуы мен оның түрі және мақсатына қарамастан, мәліметтер пакетін бірдей тең көлемде өңдейді дегенді білдіреді. Қолданушыларда кез келген мәліметтерді қолдануға, сонымен қатар өз таңдауындағы кез келген қызметке желі операторлары тарапынан трафик кемсітуінсіз немесе басымдылығынсыз, арнайы басқарымынсыз қолжетімділікке мүмкіндігі болуы керек. Бұл жалпылама қағидат Интернетке қосылу үшін қолданылатын құрылғылар немесе желі, инфрақұрылымға тәуелсіз қолданылуы шарт.

*Желілік бейтараптық қағидат қалай көтеріледі?*

Желілік бейтараптылыққа әр түрлі ықпал етуге болады:

- Желілік трафиктің операторылары бейнефайлдар алмасуына кедергі келтіре және зияткерлік меншік құқығы үшін қызметін блокадалап немесе жылдамдықты шектеуі мүмкін.

2011 жылы еуропалық реттеушілер Ассоциациясы электрондық коммуникация саласында (BEREC) сауалнама жүргізіп, Ұлыбритания және Польша, Литва, Венгрия, Греция, Франция провайдерлары бейне бағдарламалар ағынына және қолданушылар арасындағы файлдар алмасу жылдамдығына шектеу ендіргенін анықтады.

- Трафик және желілік қызмет операторлары неғұрлым жоғары бағасын төлеуге дайын контент-провайдерларға, кең көлемдегі деректерді неғұрлым жылдам беретін (IP-телефония немесе бейне бағдарламалар ағыны), премиум қызметтерін ұсына алады. Олар бұны нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін, өздерінің техникалық жүйесін модернизациялау қажеттігімен дәлелдейді. Бұл, мысалы, БАҚ-қа аздаған этникалық немесе маргиналды топтардың ықпал ету мүмкіндігі. Нәтижесінде ой әртүрлілігі мен бұқаралық ақпарат құралдарының плюрализміне ықпал етеді.

*Желілік бейтараптықтың халықаралық стандарттары қандай?*

Еуропа Кеңесі және Еуропалық Кеңесі стандарттау органдары өздерінің жүйелік бейтараптық қағидатын ұстанатындарын атап өтті.<sup>xcviii</sup>

Мемлекет:

1. Ойды еркін білдіру құқығын есепке алатын, желілік бейтараптықты ендіру қажет.

2. Олардың ұлттық реттеуші органдары:

- электрондық коммуникация жүйелері провайдерлары үшін қызмет көрсету сапасына ең төменгі талап қоюын;
- операторлардан талап етуін:
  - көрсетілетін қызмет сапасының ашықтығын;
  - желімен басқару бойынша олардың қолданатын өлшемдері, үйлесімді, сәйкес және қисынсыз кемсітушіліктің жоқтығының кепілі болып табылатынын;
  - қолданушыларды ...туралы ақпараттандыру;
  - қызметке қосылу барысында туындайтын, соның ішінде ЕО мүше-мемлекеттері қолданымдар мен қызметтерге қолжетімділікті шектей алатындай жағдайлар жайындағы белілі бір мәселелерден;
  - провайдермен, трафикті өлшеп және қалыптастыру, сонымен қатар, бұл өлшемнің қызмет сапасына ықпалын білу үшін орнатылған, процедураларын қамтамасыз етуі тиіс.

3. Қолданушылардың:

- басқару бойынша шешімді даулауға және залал өтеміне қол жеткізуге;
- провайдерлар қызметін ауыстыруға мүмкіндіктері болуы тиіс.

Байланыс нарығы туралы фин Заңына сәйкес, Финляндияның барлық азаматтарының, Финляндияны бірінші ел атағы құқығына бекіткен, секундына бір мегабит жылдамдықтағы кеңжолақты байланысқа қолжетімділікке заңды құқықтары бар.

Норвегияда желілік бейтараптылық, тұтынушылар тауары бойынша басқарма және салалық ассоциациясы, контент-провайдерлар, норвеждік интернет-қызмет жеткізушілерімен бірлескен телекоммуникативті және пошта қызметтерін реттеуші норвеждік мемлекеттік органдармен құрастырылған басқарымдық қағидаттармен кепілденеді. Аталмыш басқарымдық қағидаттардың қарастыратыны:

- Интернет-қолданушылары Интернетке берілген жылдамдықта және сапада қосылу құқығына ие.
- Интернет-қолданушылары Интернетке қосылуға құқылы, оларға мүмкіндіктер беріледі:
  - өз таңдауы бойынша хабарламаларды жіберіп және алуға;
  - өз таңдауы бойынша қолданымдарды жүргізіп және қызметтерді қолдануға;
  - өз таңдауы бойынша, желіге залал келтірмейтін бағдарламалық

қамтамасыз етулерді қолданып және құрылғыларды қосуға.

- Интернет-қолданушылары, жіберушілер немесе алушылар мекенжайы, контент болмаса қызмет, қолданым түріндегі қатынастарда кемсітушіліктен ада Интернетке қосылуға құқықтары бар.

2010 жылы Чили желілік байтараптықты өз заңында бекіткен, әлем елдерінің біріншісі болды. Интернет-провайдер «олардың дереккөздері немесе жеке меншігі негізіндегі қызметтері мен қолданымдары, контент анықтай алмайтын қызметтерді ұсыну мен желідегі қолжетімді қолданымдар мен қызметтердің барлық түріне қолжетімділікті қамтамасыз» етуі тиіс.

## **Интернет-БАҚ және блогерлерді лицензиялау**

### ***БАҚ-ты лицензиялаудың халықаралық стандарттары қандай?***

Лицензиялау БАҚ-ты оның жасалу этапындағы реттеу тәсілінің негізі болып табылады. Лицензиялау ойды білдіру еркіндігі құқығын іске асыруда ықпал ететіндіктен, ол АСХҚП 19 бабы, 3 тармағына сәйкес болуы шарт.

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Комитеті, баспалық БАҚ-ты мәжбүрлі лицензиялау тәсімі ойды білдіру еркіндігі құқығын бұзғандық болып табылатынын қаулы етті.<sup>xcix</sup>

Электронды БАҚ-ты лицензиялау қажетті деп табылды, өйткені себеб, мемлекет БАҚ плюрализмін қамтамасыз етіп, қоғамдық меншік болып табылатын радиожилікті таратуды реттеуге тиіс.

### ***Интернет-БАҚ және блогерлерді лицензиялау қажетті ме?***

Кейбір мемлекеттер интернет-БАҚ пен блогерлерді тіркелуге міндеттейді. Мысалы, Сингапурдың телерадио хабар тарату заңы, сингапурлық интернет-мекенжайдан жасалған, айына жоқ дегенде 50000 бірегей қатысымды екі ай бойына белгілеген, кез келген жаңалықтар веб-сайттарын тіркеуге талап етеді, сонымен қатар «Сингапурге байланысты діни немесе саяси мәселелерді талқылап немесе жылжытып, таратады». Ресейде блогерлер, егер олардың сайттарына күніне 3000 қолданушылар кірсе, тіркелуге тиісті болады. Осыған ұқсас схема Иран, Сауд Аравиясы және Шри-Ланка елдерінде де бар.

Сөз еркіндігі жөніндегі БҰҰ арнайы баяндамашысы, мемлекет тарапынан саны шектелген жиіліктерді тарату немесе тіркеу үшін лицензиялауы қажет телерадио хабар тарату секторына қарағанда, ондай талаптар Интернет жағдайында ақталмайды. Себебі, интернетте қолжетімділік нүктесінің шектеусіз санын орналастыруға болғандықтан, сәйкесінше, қолданушылардың да саны шектеусіз болады.<sup>c</sup>

Интернет-БАҚ және блогерлердің мемлекеттік өкіметтің органдарында тіркелуі қажет емес. Ондай тіркелу лицензиялауға ұқсас және халықаралық құқықты бұзады. Еуропада блогерлер мен интернет-БАҚ мемлекет тарапынан рұқсатсыз және лицензиясыз жұмыс жасайды.



Дегенмен де, интернет-БАҚ және блогерлердің таза техникалық себепті, домендік атаулар басқарымы органдарында тіркелуге міндетті болулары мүмкін.<sup>ci</sup>

## **Домендік атауларды алу және реттеу**

### ***Домендік атаулар дегеніміз не?***

Домендік атаулар бір немесе бірнеше IP-мекенжайлармен анықталады және белгілі бір веб-бөлімдерге жатады.

### ***Домендік атауларды кімдер қолдайды?***

Домендік атаулар шетелде әрекет етсе де .com, .org и .net –ке аяқталады, бірақ АҚШ заң күзіреттілігі астындағы АҚШ-ғы негізделген домендік атаулар тізілімімен басқарылады. Кез келген елдің өз елінің кеңейтілген домені көрсетілген тізілімі болады.

### ***Домендік атаулар неге ойды білдіру еркіндігіне ықпал етеді?***

Домендік атаулар веб-сайттарда орналасқан контентті суреттеу немесе сәйкестендіру үшін, немесе қауымдастық және виртуалды жиын үшін кеңістікті құруға қолданылады.

Кейбір жағдайларда домендік атаулар веб-сайт мазмұны туралы ақпарат беретіндіктен, жарнама түрі болып та табылады. Басқа жағдайларда олар саяси хабарлар және саяси көзқарас түрін білдіреді (мысалы, votejohnsmith.com). Сонымен қатар, қайсы біреудің жеке меншігіне ықпал етуші де (тауарлық белгілер) домендік атаулар болады.

### ***Интернет-БАҚ және блогерлерге домендік атаулар басшылары қалай ықпал етуі мүмкін?***

Мемлекеттер домендік атауларын таңдауға шектейтін заң қабылдады. Мысалы, басқа тұлғалар атынан тіркелген, тауарлық маркаларды қолданушы домендік атаулар (мысалы, Nike немесе Coca-Cola) немесе нақты топтарға қатысты кемсітушілік болмаса өшпенділік тұтатушы домендік атаулар.

Сот орындары қылмыстық әрекеттерге қолданылған домендік атауларды тәркілей алады. Мысалы, Ұлыбританияда әр жыл сайын айлакерлік сайттардың мыңдаған домендік атаулары тәркіленеді.

Әдетінше домендік атаулар айлакерлер мен контрафактылық өнімдерден қолданушыларды қорғау мақсатында тәркіленсе де, интернет-БАҚ және блогерлердің домендік атаулары да тәркіленуі әбден мүмкін. Мысалы, 2010 жылы – Wikileaks домен қызметін жеткізуші EveryDNS –әшкерелеуші платформада қызмет көрсетуін тоқтатты.

### ***Домендік атауларға қатысты халықаралық стандарттар қандай?***

Домендік атауларға қатысты Еуропа Кеңесі стандарттары, келесілерді қарастырады:

- Домендік атауларға қатысты реттеу мен тәркілеу ойды білдіру еркіндігіне ықпал етеді. Сол себепті домендік атаулардағы ойды білдіру еркіндігі, ойды біліду еркіндігі құқығымен қорғалған. Домендік атаулардағы кез келген шектеулер, ойды білдіру еркіндігі құқығына кепілдікпен үйлесімді болуы үшін, сот шешімімен негізделуі шарт. Ондай шарттар:
  - түсінікті және ашық, қолжетімді заңмен көрсетілген болуы;
  - заңды мақсатты қууы;
  - қажеттілік және үйлесімділікте болғандығымен шектеліп, ал қолданушы шектеу себебі туралы ақпараттандырылған болуы қажет<sup>cii</sup>.
- Мұнымен қоса, кез келген негізсіз кемсітушілік түрі болмауы қажет. Контент-провайдерлары шағымдану мүмкіндігінен, сонымен қатар сот арқылы шағымдану үшін қайда баруға болатынынан хабардар болуы қажет.<sup>ciii</sup>

Мемлекет домендерді реттеу барысында әр түрлі өкілеттілікке (өз қалауы еркіндігі) ие. Бұл өкілеттілік, домендік атаулар тауарлық маркаларға ықпал етіп немесе жарнама түрі болып табылғанда, кеңейеді және олар саяси ойды білдіру формасы болып табылып немесе жалпы ақпараттандырумен байланысты болғанда, шектеледі. Қандай жағдайда болмасын, домендік атауларға қатысты шешім қабылдау, ойды еркін білдіру құқығын бұзғаны туралы шағымды қараушы халықаралық сот орындарының бақылауына жатады.

### **Контентті жою және блокировка, мониторинг**

#### ***Ойды еркін білдіру құқығына мониторинг қалай ықпал етеді?***

Бүгінгі таңда интернеттегі жеке тұлға әрекеті және коммуникация туралы ақпаратты мемлекеттік органдар да, жеке тұлғалар да жинап және бақылай алады. БҰҰ арнайы баяндамашысы атап өткен:

Бірқатар мемлекеттер теріс пайдалануға қарсы жеткілікті кепілдікті бермей, Интернеттегі қолданушылар әрекеті үстінен бақылауды күшейту үшін әрекеттегі заңды өзгертеді немесе жаңасын қабылдайды. Мұнымен қоса, кейбір мемлекеттер Интернетте контентті көшіріп немесе қолданушылар пікірлерін қалдыра алулары үшін шынайы атауын сәйкестендіруші жүйені орнатады, ал бұл олардың, соның ішінде, адам құқығы жиі бұзылатын елдерде өз ойларын анонимдік түрде білдіру мүмкіндіктерін қатерге тіктіруі мүмкін. Сонымен бірге, көптеген елдерде шифрлау технологиясын қолдануға шектеу ендіру сияқты, рұқсат етілмеген бақылаудан интернет-қолданушылардың өзін қорғау мүмкіндіктерін төмендетуге бағытталған өлшемдер қабылдануда.<sup>civ</sup>

Мониторинг Интернеттегі ойлар мен ақпараттардың еркін ағымына бөгет қоюымен, Интернеттегі адамдар қауіпсіздігі және сенімін кетіреді және жеке

өмір сүру құқығына интернет-қолданушылардың құқығын бұзған болып табылады.<sup>cv</sup>

### ***Интернет-контент мониторингінің халықаралық стандарттары қандай ?***

Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы мыналарға үндейді:

- Қолданушының келісімінсіз жеке мәліметтерді тек «дәлелді күдіктер негізінде шығарылған сот үкімі» негізінде жиналып және саралануын.
- Сот орындары мен парламенттерге барлау қызметтерінің бақылануын.
- Заңсыз бақылауға іліккен мәлімдеушілердің қорғалуын.
- Интернеттегі қауіпсіздікке төнген басқа кез келген және жаппай аңдуға қарсы тұру тәсілі болатын мәліметтерді қорғаудың ынтымақтастық (автоматтандырылған) тәсілінің дамуын.
- Авторитарлық ережені ұстанатын елдерге алдыңғы қатарлы бақылау технологиясын экспорттаудан тартынуын.<sup>cvi</sup>

### ***Блокировка дегеніміз не?***

Блокировка интернеттегі белгілі бір мәтінге қолданушылардың қолжетімділігін болдырмау шарасына жатады. Блокировкаға қолданушылардың белгілі бір веб-сайттарға, интернет-протокол мекенжайы (IP), домендік атаулар, олар орналасқан веб-серверлерден веб-сайттарды алу, немесе басқа ерекше контенттер немесе түйінді сөздерден тұратын бөлімдердің пайда болмауына сүзгі технологиясын қолдану кіреді.

Мысалы, кейбір Түркия немесе Қытай сынды елдерде, You Tube жиі блокировкаға қойылады.

### ***Блокировканың ойды еркін білдіру еркіндігі көзқарасы тұрғысынан қандай жалпы мәселелері бар?***

Әлем бойынша блокировкаға қою тәжірибелері, блокировкаға қою шаралары әр кезде заңмен қаралмайтыны немесе заңдағы ереже айтарлықтай бұлыңғыр әрі жалпылама болып келетінін көрсетеді. Тағы бір мәселе, блокировка үрдісі кезінде туындаған келеңсіздіктерге қарсы тиісті кепілдіктің жоқтығы. Мысалы, блокировка қоюға ұйғарым тәуелсіз сот орынынан емес, прокурорлар немесе мемлекеттік орындардан беріледі. Блокировка қою саясатында айқындық, сонымен қатар оған жауап беретін қоғамдық есеп беруші органдар жоқ. Мұнымен қоса, тіпті заңсыз деп табылған контентті ғана емес, көбіне кең спектрлі контентті де блокировкаға қойып тастайтын кездер болады. Ақыры, көбінесе мәтіні тәуелсіз органдар немесе сот араласуынсыз блокировкаланады.

### ***Блокировканың қандай халықаралық стандарттары бар?***

Еуропада блокировкаға қою балалар порнографиясымен күрес және террористік насихатты таратумен байланысты қаралған. Екі жағдайда да бұл

саясат тиімсіз деп табылды, себебі, көптеген жағдайларда блокировкаға қойылған веб-сайттар Еуро Одақ немесе заң құзіреттілігі аясынан тысқары басқа атаумен қайта пайда болады.

Аймақтық ережелердің болмауына қарамастан, мемлекет көптеген жағдайларда блокировкаға қойылған веб-сайттардың заң құзіреттілігі аясынан тысқары басқа атаумен қайта пайда болуына ұлттық ережелерді ендіре алады, және бірқатар елдер оны жасады да. Блокировкаға қою ойды білдіру еркіндігі құқығын іске асыруда ықпал ететіндіктен, ол АСХҚП 19 бабы, 3 тармағына сәйкес болуы шарт:

- түсінікті және ашық, қолжетімді заңмен көрсетілген болуы;
- заңды мақсатты қууы;
- қажеттілік және үйлесімділікте болғандығымен шектеліп, ал қолданушы шектеу себебі туралы ақпараттандырылған болуы қажет.

Мұнымен қоса, кез келген негізсіз кемсітушілік түрі болмауы қажет. Контент-провайдерлары шағымдану мүмкіндігінен, сонымен қатар сот арқылы шағымдану үшін қайда баруға болатынынан хабардар болуы қажет.<sup>cvi</sup>

Арнайы баяндамашы, блокировкаға қою шарасының ақталғандығы, балалар порнографиясын қоспағандағы, ұлттық заңнама дұрыс қолданбаған немесе теріс пайдаланушылыққа қарсы тиімді және нақты кепілдік беріп, соның ішінде реттеуші орган мен әділ және тәуелсіз сот тарапынан бақылау мен қадағалау жүргізетіні болып табылатынын атайды.

*Түркияға қарсы Йылдырым ісі, <sup>cvi</sup> ЕС Интернетке қолжетімділікті шектеу барысында жоғарыда аталған стандарттарды қалай қолданғанын көрсетеді. Сот, түрік сотының Google Sites Интернет-доменінің, оның ішінде қуынушының сайты да болған, қолжетімділігін блокировкаға қою туралы шешімі, белгіленген заңмен ұсынылған негізделген жорамалы болмағандықтан, заңсыз болған деп бекітті. Еуропалық Сот, түрік сотының қолжетімділікті блокировкаға қою туралы шешіміш қабылдау барысында қажеттілік өлшемін қолданбаған деп шешті (жоғарыдан 3-Бөлімді қараңыз).*

### ***Контентті жоюға қатысты қандай халықаралық стандарттар бар?***

Контент заң құзіреті шеңберінде орналасса, контентті жою туралы бұйрығы заңды.

ЕО елдері өз аймақтарында немесе аумақтарынан тыс орналастырылған балалар порнографиясын таратқан немесе ұстаған веб-бөлімдерін тез арада жоюға тырысулары қажет.<sup>cix</sup>

Контентті жою туралы бұйрық ойды білдіру еркіндігі құқығына ықпал ететіндіктен, олар осы құқық кепілдігіне сай болулары шарт. Сондықтан, әрбір бұйрық:

- түсінікті және ашық, қолжетімді заңмен көрсетілген болуы;
- заңды мақсатты қууы;
- қажеттілік және үйлесімділікте болғандығымен шектеліп, ал қолданушы шектеу себебі туралы ақпараттандырылған болуы қажет.

### ***Блогерлер мен БАҚ, интернет-журналистердің заңды жауапкершіліктері***

Интернеттегі бір қызмет, бір ақпаратқа қатысты заңдық құзіреттікке бірнеше мемлекет бірден ниет білдірулері мүмкін, ал бұл қолдану ережесінде жанжал және қарама-қайшылықты қамтамасыз етері сөзсіз. Заңсыз контент және қызмет туралы ұлттық ереженің әр түрлілігі, сонымен қатар қарама-қайшы және бәсекелес заңдарды қолдану күрделі құқықтық ортаны қалыптастырады. Ол ішкі және халықаралық қолданушылармен кепілдендірілген қорғауға шағымды қиындатады. Мәліметтерді өңдеу және сақтау бойынша, ақпаратты алушыға немесе иесіне жақын жердегі емес қашықтағы қызметті тарату, бұл мәселені ұлғайта түседі.

### ***Блогерлер мен интернет-БАҚ жауапкершілігінің саласы қандай?***

Интернет-БАҚ, журналистер және блогерлер өздерінің жариялаған онлайн-контенттеріне заңды жауапкершілік атқарады.

Үшінші жақтың контентті орналастыру жауапкершілігі жайындағы мәселе толықтай түсінікті емес.

Еуропалық Кеңестің өз мемлекеттеріне демократиялық коммуникацияға қатысу мақсатында саяси партиялармен және мемлекеттік емес ұйымдармен, азаматтардың ИКТ қолдануын қамтамасыз ететін заңнаманы қабылдауына шақыруына қарамастан, ол үшінші тұлғалардың форумдар немесе веб-сайттарда жасаған түсініктемелеріне жауапкершілікке қатысты ешқандай нұсқау бермеді<sup>cx</sup>.

Еуро Одақта Директива электрондық коммерция<sup>7</sup> жайында ескерту және жауапкершілік рәсіміне шектеу ендіріді. ЕО Директивасына сәйкес ақпараттық қызмет жеткізушісі, (интернет-провайдерлары, хостинг-компаниялар, әлеуметтік платформалар және ізденім жүйелері Web 2.0) егер олар сақталынған ақпаратты білсе және бақылап отырса, жауапкершілік атқарады. Осылайша, қызмет жеткізушісі заңсыз әрекет немесе ақпарат туралы «нақты біліп алғаннан соң» жедел әрекет етпесе және сәйкес ақпаратты жедел жоймаса, болмаса оған қолжетімділікке блокировка қоймаса, заң алдында жауап береді.

Электрондық коммерция жайындағы ЕО Дирекциясы, оның құзіретіне интернет-БАҚ кіре ме, кірмей ме, оны көрсетпейді, сондықтан, интернет-БАҚ

---

<sup>7</sup> 2000 ж. 8 маусымдағы 2000/31/ЕС Еуропарламенті және Кеңесі Директивасының ақпараттық қоғамдастық қызметін реттеуші бірқатар құқықтық аспектілері, соның ішінде ішкі нарықтағы электронды коммерция туралы басылым, Еуропалық қоғамдастықтың Ресми журналы, 2000 ж. 17 шілде, 1 бет. 43, OJ L 178

веб-сайттарында жарияланған үшінші тұлға түсініктемелеріне таралушы жауапкершілік және шектеулер туралы мәселе түсініксіз.

Мемлекет үшінші жақ тұлға үшін интернет-БАҚ жауапкершілігі туралы мәселеде бәтуға сол бойы әлі келген жоқ.

Бір жағынан, кейбір мемлекеттер (Ұлыбритания сияқты) интернет-БАҚ заңсыз контент туралы хабардар болып және оған қарсы ешқандай шара қолданбаған жағдайда үшінші тұлғаның түсініктемелері үшін жауапкершілік атқаруы тиіс деп санайды.

Ұлыбританияның 2013 жылғы диффамация туралы заңы қаулы етеді:

(1) Осы бөлім, веб-сайтта орналасқан мәлімдемедегі жала жабуға веб-сайт операторына шағым түскен жағдайда қолданылады.

(2) Оператордың ондай мәлімдемені сайтта орналастырған оператордың өзі болмағанының дәлелін көрсетуі, қорғаны болады

(3) Қорғаушы істен жеңіледі, егер қуынушы мыналарды дәлелдеп шықса:

(a) мәлімдемені орналастырушы адамды анықтауға, қуынушының мүмкіндігі болмаса;

(b) қуынушы мәлімет жарияланымына қатысты шағым туралы операторға ескертпе берсе;

(c) оператор шағым туралы ескертпеге нормативті ережеге сәйкес көңіл бөлмесе.

Басқа жағынан, интернет-БАҚ үшінші жақ тұлға мәліметіне әр кезде де жауапкершілік атқарады дейтін де мемлекеттер бар.

Эстонияның ұлттық соттары, әйгілі жаңалықтар интернет-порталы өзінің жеке бастамасы бойынша іске асырылатын, үшінші жақтың жала жабушы мәлімдемесін жою үшін жауапкершілік атқарады деп бекітті. *Эстонияға қарсы Дельфи* <sup>схi</sup> ісінде, адам құқықтары бойынша Еуропалық соты жаңалықтар интернет-порталдарының «бұл іс «жауапкершіліктер мен міндеттерге» қатысты» екенін көрсететін эстондық төрешілер шешімімен келісті, себебі олардың анық заңсыз түрде қатысуы, басқалардың жеке құқықтарын бұзады, өшпенділікті насихаттайды және оларға қарсы зорлыққа арандатады.

ЕАҚС, ескертпе сипатының заңсыздығын орнату, ол анық заңсыз болғандықтан, қандай да болмасын тілдік сараптаманы немесе құқықтық талдауды қажет етпейтінін бекітті.

Сот, істің өзінің жаңалықтар топтамаларын жариялап және оқушыларды оны түсініктеуге шақыратын, коммерциялық негізде жұмыс атқарушы ірі және кәсіби басқарылымдағы жаңалықтар интернет-порталымен байланысты екенін атап айтты. Бірқатар түсініктерге қатысты көпшіліктің олардың кереғар сипатына алаңдаушылықтар туындады.

Бұл шешім талқыланады, себебі барлық түсініктеулер бақылауды БАҚ іске

асыру барысында цензура туындау тәуекелділігі пайда болады. Мониторинг БАҚ үшін қосымша қаржылық салмақ болып табылады, себебі қосымша қызметкер жалдау қажет болады. Дегенмен де, бұл шешім Интернеттегі болашақтағы сөз еркіндігіне қауіп төндірсе де, ол пікірталастарға өзі бастамашылық жасап және түсініктемелерден пайда тапқан, Дельфи порталының сипаттамасына өте тоғыстырылғанын атап өту қажет. Сол себепті, шешім блогтарды қоса алғандағы, барлық веб-сайттардың бәріне бірдей таралмайтыны бекітілді.

Дегенмен де, күні бүгінге дейін ОБСЕ елдері шеңберінде үшінші жақ тұлғалар түсініктемелері үшін блогерлер мен интернет –БАҚ жауапкершілігі туралы мәселе, негізінен, өзін өзі реттеу тақырыбы болып табылады. Өйткені, мемлекет оны жалпы позиция келісілмегенге дейін, заңнамалық тұрғыда реттегісі келмейтінін көрсетеді. Мұнымен қоса, WordPress сынды блог-хостингтік компаниялар түсініктік жазушының кім (олар аттарын және поштасының электронды мекенжайын көрсетуі тиіс), және оның нақтылығын тексеруші сүзгі құрылғысын қосты. Көптеген мүдделі тараптар, дегенмен, сүзбенің орынсыздығын мақұлдайды, көбінесе ол сүзгінің артық немесе кемдігіне әкеп, ойды жеткізудің еркіндігі құқығын бұзады, болмаса жай ғана тиімсіздігін көрсетеді.

### ***Үшінші жақ тұлға үшін интернет-БАҚ жауапкершілігін реттеуге қатысты алдыңғы қатарлы тәжірибе қандай?***

Мемлекет Интернет-БАҚ-тың, егер олар контенттің заңсыз мазмұнын біліп және оны дер кезінде жоймаған жағдайында ғана үшінші жақ тұлға түсініктемелері үшін жауапкершілік артатынын кепілдендіретін, жауапкершілік тәртібі мен ескерту жүйесін заң жүзінде бекітуі қажет. Заң ойды білдіру еркіндігі қағидаттарын сақтай отырып, барынша нақты тұжырымдалған болуы шарт. Ескертпе контент орналасуы мен шағым жайлы ақпаратты жеткілікті көлемде беріп, сонымен қатар оның заңсыздығын дәлелді түрде бере білуі тиіс. Үшінші жақтың келіспеушілік мүмкіндігі болуы қажет. Істі қарау жедел болу қажет.

### ***Үшінші жақ тұлғаның интернет-түсініктерінде анонимдік жіберіле ме?***

Өз нақты есімімен ашық сөйлей алмайтын адамға, анонимдікті қамтамасыз ету маңызды. Ойды білдірі еркіндігі құқығы нақты есімдерге қатысты емес. Дегенмен, халықаралық құқыққа сәйкес, мемлекеттермен салыстырғанда, жеке компаниялар өз ережелерін анонимдік шартында қабылдай алады. Мысалы, Facebook анонимдікке рұқсат бермейді, тіпті қолданушылар өз тұлғасын жасырып, ойдан алған есімдерін орналастырса да.

### **Әлеуметтік желідегі сөз еркіндігі**

#### ***Әлеуметтік желілер дегеніміз не?***

Интернет-сайттар, әлеуметтік желілер (әлеуметтік медиа) болып табылады, олар тұтынушылық контент құрып және олармен алмасуға мүмкіндік береді. Мысалға, Facebook және Twitter нағыз әлеуметтік желілер болып танылады.

### ***Неге әлеуметтік желілер ойды білдіру еркіндігі көзқарасы тұрғысынан маңызды?***

Әлеуметтік желілер, ойды білдіру еркіндігі көзқарасы тұрғысынан өте маңызды, себебі олар қоғам назарын аударатын мәселелердің талқылау түрін ұсынады. Әлеуметтік желіні қолданушылар бірден екі құқықты іске асырады: ойды білдіру еркіндігі және жиын еркіндігі құқығын, өйткені әлеуметтік желілер көзқарас тұрғысында да қолданылып, сонымен қатар виртуалды қауымдастық құру және оған қатысу үшін де қолданылады (мысалы, Facebook-тегі топтар). Адамдар саяси және тағы да басқа кампаниялар барысында күштерін біріктіре және оқиғаны ұйымдастыра отырып, әлеуметтік желіге арқа сүйейді.

### ***Әлеуметтік желілер контекстінде сөз еркіндігінің қандай мәселелері туындайды ?***

Әлеуметтік желілер қызметі ойды білдіру еркіндігі құқығына ықпал ете алады, егер әлеуметтік желілер:

- адам құқықтарына сезімсіздік танытса: мысалы, олар балалар мен жастарды зиянды контенттерден тиісті қорғауды қамтамасыз етпесе, немесе басқа құқықтарды құрметтемесе;
- қолданушыларды шығарған жағдайда процессуалдық және құқықтық кепілдік бермесе;
- олардың жеке мәліметтерді қолдану және жинау мақсаты ашық болмаса.

### ***Әлеуметтік желіде немен бөлісуге болады?***

Әлеуметтік желідегі кез келген ойды білдірудің заңдылығы, әлеуметтік желінің ішкі ережесіне, сонымен қатар әлеуметтік желіні қолданушылар қызметін реттеуші ішкі заңнамасына байланысты.

Facebook ережесі Facebook талаптарында, Facebook міндеттері мен құқығы туралы Мәлімдемесінде және Facebook қауымдастығы Стандарттарында айтылады. Facebook қауымдастығы, Стандарттары және міндеттері мен мәлімдемелерінде, оның ережелерін қолданушылардың сақтайтынына кепілдік береді. Ұлттық басқарым органдары Facebook контентінің ішкі заңнамаға сәйкестігін бақылап отырады.

Әлеуметтік желінің ережесі ішкі заңдармен сәйкес келмеуі мүмкін, себебі, әлеуметтік желілер, әдетінше, халықаралық деңгейде қамтылған. Бірақ жанжал салдарынан қандай мәселелер туындауы мүмкін?

### ***Әлеуметтік желілердің ішкі заңнамаларға жол беруі.***

Әлеуметтік желілер табыс алуға бағытталғандықтан, олар жер беті бойынша жұмыс жасауға мүдделі. Әлеуметтік желілер нақты елдердің нарығынан пайда көру үшін, тіпті ол халықаралық құқықпен қаралған ойды білдіру еркіндігіне көбірек шектеу қойса да, сол елдің заңнамасына «іштей енеді». Мысалы,



Түркияда жұмыс жасау үшін Facebook Күрд елінің картасын жариялауға рұқсат бермейді, одай карталар халықаралық құқық шеңберіндегі сенім мен ойды білдіруде заңды болып табылса да.

*Ойды білдіру еркіндігін шектеу, ішкі заңнамамен талап етілуден қарағанда көбірек.*

Әлеуметтік желілер ой еркіндігін ішкі заңнамамен талап етілгеннен де көп шектеуі мүмкін. Мысалы, Facebook ашықтығы туралы Ереже, көптеген еуропа елдерінің либералдық ережелерінен қатаң.

### ***Әлеуметтік желілерді реттеуші халықаралық стандарттар қандай?***

Министрлер Комитеті әлеуметтік медиада ойды білдіру еркіндігі құқығы өлшемдерін орнататын, әлеуметтік желідегі адам құқығын қорғауға қатысты, мүше-елдерге CM/Rec (2012)4 Ұсынымын шығарды: <sup>cxii</sup>

- Әлеуметтік желілер ережесі адам құқығын сақтау стандарттарымен негізделуі қажет.
- Әлеуметтік желілер ережесі ойды білдіру еркіндігі туралы халықаралық нормаларға сай, ал барлық ерекшеліктер АСХҚП 19-бабы, 3-тармағының үш ережесіне сәйкес болуы шарт.
- Әлеуметтік желілер қолданушылары әлеуметтік желілердегі ақпараттарды орналастыру стандарттары туралы, сонымен қатар контентті қадағалау рәсімінің барынан хабардар болулары тиіс. <sup>cxiii</sup>
- Әлеуметтік желілер балалар мен жасөспірімдерді кибер-аздыру, кибер-зорлық және зиянды контенттерден қорғауы тиіс. <sup>cxiv</sup>
- Әлеуметтік желілер дербес мәліметтерді заңсыз өңдеулерін тоқтатулары қажет. <sup>cxv</sup>

### ***Ұлттық заңнама әлеуметтік желілерді реттеуге тиіс пе?***

Әлеуметтік желілер байланысудың жеке өрісін құрады. Мемлекетке әлеуметтік желі адам құқығын қорғау аясында халықаралық құқық нормаларына сәйкес әрекет етіп жатса, әлеуметтік желіге араласу қажеттілігі жоқ.

Әлеуметтік желілер қызметтерін өздері реттеп отырулары шарт; мұнымен қоса, мемлекет азаматтық қоғам және жеке сектор өкілдерімен кеңесе отырып, әлеуметтік желіде адам құқығын қорғау мен көтермелеудің жүйелі стратегиясын жылжытып және дамытып отыруы тиіс. Олар қолданушылар үшін қарастырылған өзін-өзі реттейтін механизмдердегі процессуалдық кепілдік ішіне, қолданушылардың естілуге құқығы, сонымен қоса әлеуметтік желілердегі провайдерлер шешіміне шағымдану мен қайта қарау құқығының кіретініне кепілдік берулері шарт.

***Әлеуметтік желілердегі білдірген ой үшін кінәні мойнына алған істер, сонымен қатар әлеуметтік желілердегі ойды білдіруді қылмыстық қудалау саласындағы саясат және ішкі заңдар істері.***

Мемлекет әлеуметтік желілердегі жаман оймен жасалған әрекеттерден осал азаматтар тобын қорғауға арналған шаралар қабылдайды. Мысалы, 2014 жылы Ұлыбританияда қыздың ұрланғаны туралы әзіл ретінде жеке пікірін Facebook
---

парақшасына орналастырған жеткіншек, қамауға алынды. Сот барысында ол желіге жіберген дәрекі әрі тіл тигізген хабарламасы үшін өзінің кінәлі екенін мойындап, 12 аптаға түрмеге қамалды. Сот, мұндай үкім шығаруға қылмыстың маңыздылығы және ол жайында көпшіліктің наразылығы себеп болғанын қаулы етті.<sup>cxvi</sup>

Ұлыбритания Прокуратурсы әлеуметтік желілердегі жасалған қылмыстарды сот қудалауы туралы Ережені қабылдады.<sup>cxvii</sup> Ереже, әлеуметтік желілерге қатысты прокуратура өкілеттілігінің әлі толық анықталмауы себепті, прокурорлар шешім қабылдау барысында ойды білдіру еркіндігінің теріс әсерін шектеуге тырысулары қажеттігінен, қай бағытта және қалай әрекет етулерін көрсетеді.

Ереже, прокурорлардың егер іс екі өлшемге сәйкес келген жағдайда ғана қылмыстық қудалауды бастай алатындарын бекітті: айтарлықтай дәлелді негіз бар және мәселе қоғамдық мүддеге сай. Прокурорлар, мына деректерге хабарлама мазмұнын алдын-ала бағамдаулары шарт:

- Хабарлама адамға қатысты нақты зорлық немесе мүлікті бүлдіру қаупін білдірсе.
- Хабарлама адамды немесе тұлғалар тобын аңду немес алымсақтану тұрпында болса.
- Хабарламада сот шешімі бұзулған болса.
- Хабарламада келеңсіз, өрескел, қорлаушылық немесе жалған түріндегілер болса.

- 
- <sup>i</sup> БАҚ дамуы және сөз еркіндігінің әлемдік үрдісі ЮНЕСКО есебі, 2014 ж.
- <sup>ii</sup> Адам құқығы бойынша Кеңес, Интернетте адам құқығын көтермелеу және іске асыру, 20-сессия, 2012 ж., 5 маусым, UN Doc. A /HRC/20/8.
- <sup>iii</sup> 2011 ж. 16 мамыр, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Он жетінші сессиясы Шақырылымының 3-Тармағы, адам құқығы бойынша Кеңес, Фрэнк Ла Рю, нандыру еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашысының есебі.
- <sup>iv</sup> 2011 жылғы 12 қыркүйектегі БҰҰ адам құқығы бойынша Комитетімен қабылданған, 19 Бабының № 34 жалпы ережесіндегі ескертулер
- <sup>v</sup> Хэндисайд Ұлыбританияға қарсы, № 5493/72 шағым, 1976 жылғы 7 желтоқсандағы шешім, 49-тармақ
- <sup>vi</sup> Сол жерде, 11-бап
- <sup>vii</sup> № 34 жалпы ережесіндегі ескерту, 7-тарау, жоғарыдан қараңыз
- <sup>viii</sup> Сол жерде.
- <sup>ix</sup> Елдерим Түркияға қарсы, № 3111/10 шағым, 2012 ж. 18 желтоқсандағы шешімі, 49-тарау
- <sup>x</sup> ЮНЕСКО-ның 2005 жылғы өз ойын мәдени білдіру түрлерінің әр алуандығын көтермелеу және қорғау туралы конвенциясы, преамбула, 1 және 4-Баптары.
- <sup>xi</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Он жетінші сессиясы Шақырылымының 3-Тармағы, адам құқығы бойынша Кеңес, Фрэнк Ла Рю, нандыру еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашысының есебі. 2011 ж. 16 мамыр, 84 тармақ
- <sup>xii</sup> Хейниш Германияға қарсы, № 28274/08 шағым, 2011 жылғы 21 маусымдағы шешім, 93-тарау
- <sup>xiii</sup> Интернет қолданушылары үшін адам құқығы басты қағидалары туралы мүше-мемлекеттер министрлері Комитетінен CM/Rec(2014) 6 ұсыным
- <sup>xiv</sup> № 34 жалпы ережесіндегі ескерту, жоғарыдан қараңыз, 13-тарау
- <sup>xv</sup> Сол жерде.
- <sup>xvi</sup> «Әділ іс» баспасының редакциялық кеңесі және Штекель Украинаға қарсы, № 33014/05 шағым, 2011 жылдың 5 мамырынандағы шешім, 64-тарау
- <sup>xvii</sup> 2005 ж., Ойды жеткізу еркіндігі құқығы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашыларының Бірлескен декларациясы
- <sup>xviii</sup> Адам құқығы бойынша БҰҰ комитеті, № 34 жалпы ережесіндегі Ескерту, 11-тарау.
- <sup>xix</sup> Гудвин Біріккен Корольдікке қарсы, 1996 жылғы 27 наурыздағы шешім года, № 17488/90 Шағым
- <sup>xx</sup> Готье Канадаға қарсы, 1999 жылғы 7 сәуір, №633/1995, UN Doc. CCPR/C/65/D/633/1995 Өтініш, 13.6-тармақ.
- <sup>xxi</sup> № 5 А-серия, 1985 жыл 13 қараша, ОС-5/85 Консультациялық қорытынды, тәжірибелік журналистика заңымен бекітілген, Ассоциациядағы міндетті мүшелік.
- <sup>xxii</sup> 2011 ж. 21 қыркүйекте қабылданған, БАҚ-тың жаңа белгілері туралы Министрлер Комитетінің CM (2011) 7 Ұсынысы, Еуропа Кеңесі.

- 
- xxiii Сол жерде.
- xxiv Сол жерде.
- xxv Сол жерде.
- xxvi Сол жерде.
- xxvii 2011 ж. 16 мамыр, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Он жетінші сессиясы Шақырылымының 3-Тармағы, адам құқығы бойынша Кеңес, Фрэнк Ла Рю, нандыру еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашысының есебі.
- xxviii 21-тармақ, 34 жалпы ережесіндегі ескертпені қараңыз
- xxix Ахмет Елдери́м Түркияға қарсы
- xxx Адам құқығы бойынша БҰҰ Кеңесі, 2012 ж. 5 шілде, Интернеттегі адам құқығын іске асыру және қорғау, көтермелеу туралы A/HRC/20/8 Резолюциясы.
- xxxi Столл Швейцарияға қарсы (2007 ж. 10 желтоқсан), № 69698/01 шағым.
- xxxii Нейдж және Сунде Колмисопилер Швецияға қарсы (2013 ж. 19 ақпан), No. 40297/12, 10 т. шағым
- xxxiii Перрин Ұлыбританияға қарсы (2005 ж. 18 қазан), № 5446/03 шағым.
- xxxiv Жалпы түсініктеме 34, 43 т.
- xxxv Жалпы түсініктеме 34, 35 т.
- xxxvi К.Ю. Финляндияға қарсы (2008 жыл 2 желтоқсан), № 2872/02 шағым.
- xxxvii Интернет қолданушылары үшін адам құқығы басты қағидалары туралы мүше-мемлекеттер министрлері Комитетінен CM/Rec(2007) 16 ұсыным
- xxxviii UEJF және LICRA Yahoo-ға қарсы!, 2000 ж. 20 қараша, нөмірі 00/05308 (Париждің жоғары Трибунал инстанциясы)
- xxxix Адам құқығы бойынша БҰҰ Комитеті ООН, № 34 жалпы ережесіндегі Ескертпе, 39 тарау.
- xl Интернетте ойды білдіру еркіндігі туралы Бірлескен декларациясының ойды білдіру еркіндігін көтермелеудің Халықаралық механизмі, 2011 жыл, маусым.
- xli Times Газеті Ұлыбританияға қарсы, 2009 ж. 10 наурыздағы шешім., № 3002/03 және 23676/03 шағымдары.
- xlii Хэндисайд Біріккен Корольдікке қарсы, 1976 ж. 7 желтоқсан, § 49
- xliiii Интернетті басқару қағидадары туралы Еуроппа Кеңесі Министрлері Комитетінің Декларациясы, 2011 жыл 21 қыркүйек.
- xliv Интернетте байланысу еркіндігі туралы Еуроппа Кеңесі Министрлері Комитетінің Декларациясы, 2003 жыл 28 мамыр.
- xlv Сол жерде.
- xlvi Интернетті басқару қағидалары туралы Еуроппа Кеңесі Министрлері Комитетінің Декларациясы, 2011 жыл 21 қыркүйек.
- xlvii Сол жерде.

---

xlviіі Сол жерде.

xlіx Заңның үстемдік құруы және адам құқығындағы, «Атаулар мен нөмірлерді тарату бойынша Халықаралық ұйым» (ICANN) туралы Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің Декларациясы, 2015 жыл 3 маусым.

<sup>1</sup> Еуропа Кеңесінің 2011 ж. 21 қыркүйекте қабылданған, БАҚ-тың жаңа белгілері туралы Министрлер Комитетінің СМ (2011 ж.) 7 Ұсынысы.

<sup>li</sup> Еуропа Кеңесі Министрлер Комитеті (2012 ж.14 наурыз), Еуропа Кеңесінің, 2012-2015 ж. интернетпен басқару Стратегиясы.

<sup>lii</sup> Интернет-провайдерлар мен жеке интернет-платформаларға қатысты қауымдастық және жиын еркіндігі ойын білдіру еркіндігін қорғау туралы Еуропа Кеңесі Декларациясы, 2011 жылғы 7 желтоқсанда қабылданған.

<sup>liii</sup> Интернетті басқару қағидалары туралы Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің Декларациясы, 2011 жыл 21 қыркүйек.

<sup>liv</sup> Сол жерде.

<sup>lv</sup> Сол жерде.

<sup>lvi</sup> Сол жерде.

<sup>lvii</sup> Заңның үстемдік құруы және адам құқығындағы, «Атаулар мен нөмірлерді тарату бойынша Халықаралық ұйым» (ICANN) туралы Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің Декларациясы, 2015 жыл 3 маусым.

<sup>lviii</sup> «Правое дело» баспасының редакциялық кеңесі және Штекель Украинаға қарсы, № 33014/05 шағым, 2011 жылдың 5 мамырындағы шешім.

<sup>lix</sup> Сол жерде.

<sup>lx</sup> Балалар құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының 1-Бабына сәйкес, көптеген жағдайларда кәмелеттік жасқа толу 18 жасты құрайды.

<sup>lxi</sup> Балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық пайдалану мен сексуалдық зорлыққа қарсы күрес туралы, 2011 жылғы 13 желтоқсандағы ЕО және Еуропарламенттің 2011/92/EU Директивасы.

<sup>lxii</sup> 1989 ж. 5 мамырында қабылданды.

<sup>lxiii</sup> Хэндисайд Ұлыбританияға қарсы, № 5493/72 шағым, 1976 жылғы 7 желтоқсандағы шешім, 49-тармақ

<sup>lxiv</sup> 2011 ж. 16 мамыр, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Он жетінші сессиясы Шақырылымының 3-Тармағы, адам құқығы бойынша Кеңес, Фрэнк Ла Рю, нандыру еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашысының есебі.

<sup>lxv</sup> Компьюретлік жүйе арқылы жасалған, ксенофобиялық және нәсілдік сипаттағы қылмыстық актілерге қатысты, киберқылмыстылық туралы Конвенцияға қосымша хаттама. СДСЕ: 189

<sup>lxvi</sup> Қылмыстық құқықты қолданумен ксенофобиялық және нәсілдік қарсы күрес 2008 ж. 28 қарашадағы 2008/913/JHA Кеңестің шектелмелі шешімі

<sup>lxvii</sup> Статья Нәсілдік кемсітушіліктің барлық формаларын жою туралы халықаралық конвенция 4Бап

---

lxxviii Е. Ақдениз, Интернеттегі сөз еркіндігі: ОБСЕ-ге қатысушы-мемлекеттің Интернеттегі БАҚ плюрализм және ақпараттың еркін ағыны, сөз еркіндігіне қатысты тәжірибелер мен құқықтық жағдайларды зерттеуі (Вена: жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мәселесі бойынша ОБСЕ Өкілі, 2012 ж.)

lxxix Еуропа Кеңесі Министрлері Комитетінің қатысушы-мемлекеттерге «орындаудағы өшпенділікті уәждеу» туралы 97(20) Ұсынымы, 1997 жыл 30 қазан.

lxxx Хэндисайд Ұлыбританияға қарсы, № 5493/72 шағым, 1976 жылғы 7 желтоқсандағы шешім, А сериясы, 24 том

lxxxi Гундуз Түркияға қарсы, No. 35071/97 шағым, 2003 ж. 4 желтоқсандағы шешім, § 40

lxxxii Е. Ақдениз, Интернеттегі сөз еркіндігі: ОБСЕ-ге қатысушы-мемлекеттің Интернеттегі БАҚ плюрализм және ақпараттың еркін ағыны, сөз еркіндігіне қатысты тәжірибелер мен құқықтық жағдайларды зерттеуі (Вена: жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мәселесі бойынша ОБСЕ Өкілі, 2012 ж.), 82 бет.

lxxxiii Сол жерде, 82 бет.

lxxxiv Еуропа Кеңесі Министрлері Комитетінің қатысушы-мемлекеттерге «орындаудағы өшпенділікті уәждеу» туралы 97(20) Ұсынымы, 1997 жыл 30 қазан.

lxxxv Еуропа Кеңесі Министрлері Комитетінің қатысушы-мемлекеттерге «орындаудағы өшпенділікті уәждеу» туралы 97(20) Ұсынымы, 7 Қағидат.

lxxxvi 2007 жылдың маусымында күшіне енген, (СДСЕ № 196) терроризмнің алдын алу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы. № 7/06 Брюссельдік Кеңес министрінің Шешімі: Интернетті террористік мақсатта қолдануға қарсы әрекет, 2006.

lxxxvii Сенер Түркияға қарсы, 18 июля 2000 ж. 18 маусым, No. 26680/95 шағым, адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот, 45-46-т.

lxxxviii Зана Түркияға қарсы, 1997 ж. 25 қараша, No. 18954/91 шағым, адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот, 59-60т.

lxxxix Е. Ақдениз, Интернеттегі сөз еркіндігі: ОБСЕ-ге қатысушы-мемлекеттің Интернеттегі БАҚ плюрализм және ақпараттың еркін ағыны, сөз еркіндігіне қатысты тәжірибелер мен құқықтық жағдайларды зерттеуі (Вена: жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мәселесі бойынша ОБСЕ Өкілі, 2012 ж.) 106 және 110 беттер.

lxxx Балалар порнографиясы және балалар зинақорлығы туралы, балалар саудасына қатысты балалар құқығы туралы Конвенцияға БҰҰ Факультативті хаттамасы, кейініректегі сексуалдық озбырлық және сексуалдық пайдаланудан балаларды қорғау туралы Еуропа Кеңесі Конвенциясы, 2001 жылғы киберқылмыстық туралы Еуропа Кеңесі Конвенциясы, балаларды сексуалдық қолдануға күрес туралы ЕК шектелмелі шешімі.

lxxxi 2001 жылғы киберқылмыстық туралы Еуропа Кеңесі Конвенциясы, 9 (2) бабы.

lxxxii Е. Ақдениз, Интернеттегі сөз еркіндігі: ОБСЕ-ге қатысушы-мемлекеттің Интернеттегі БАҚ плюрализм және ақпараттың еркін ағыны, сөз еркіндігіне қатысты тәжірибелер мен құқықтық жағдайларды зерттеуі (Вена: жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мәселесі бойынша ОБСЕ Өкілі, 2012 ж.) 124 бет.

lxxxiii Хэндисайд Біріккен Корольдікке қарсы, 1976 ж. 7 желтоқсан, № 5493/72 шағым, 48 т.

lxxxiv Перрин Ұлыбританияға қарсы (2005 ж. 18 қазан), № 5446/03 шағым.

lxxxv К.Ю. Финляндияға қарсы (2008 жыл 2 желтоқсан), № 2872/02 шағым.

- 
- <sup>lxxxvi</sup> Эшби Дональд және басқалары Францияға қарсы, №. 36769/08 шағым, 2013 ж. 10 қаңтарындағы шешім.
- <sup>lxxxvii</sup> Сенім еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу мәселесі бойынша Арнайы баяндамашы, Фрэнк Ла Рю есебі. 2011 ж. 16 мамыр, A/HRC/17/27.
- <sup>lxxxviii</sup> Ристамаки және Корвола Финляндияға қарсы, шешімі 2013 ж. 29 қазан, No. 66456/09 шағым
- <sup>lxxxix</sup> ЕО министрлер комитетінің (2012 ж. 4 шілде) ойды білдіру еркіндігін қамтамасыз ету, «туризмдік сот», жала жабуға қатысты айла-шарғының қылмыстылығына қатысты халықаралық стандарттардың мақсатқа сай екені туралы Декларациясы.
- <sup>xc</sup> Ой еркіндігін дамытудың халықаралық механизмі, Интернет және ойды еркін жеткізу туралы Бірлескен декларациясы, 2011ж. 1 мамыр.
- <sup>xci</sup> 2013ж. 17 сәуірде қабылданған, A/HRC/17/27, Фрэнк Ла Рю, нандыру еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашысының есебі.
- <sup>xcii</sup> Жалпы ережедегі ескертпе № 16: 17 Бап (Жеке өмір сүру құқығы): Жеке өмір, отбасы, тұрғын үй және корреспонденция, ары мен беделіне құрмет құқығы, 1988 жылы қабылданды, 8 тарау.
- <sup>xciii</sup> Резолюция 68/167. Сандық дәуірдегі жеке өмір сүру құқығы. Бас Ассамблеямен қабылданды. 2013 ж. 18 желтоқсан.
- <sup>xcivxcv</sup> Сөз еркіндігін дамытудың халықаралық механизмімен, Даулы жағдайларды реттеу бойынша шаралар мен ойды еркін жеткізу туралы Бірлескен декларациясы, 2015 ж. 4 мамыр.
- <sup>xcv</sup> Фон Ганновер Германияға қарсы (№.2), № 40660/08 и 60641/08 шағым, 2012 ж. 7 ақпан Адам құқығы жөніндегі Еуропалық соты.
- <sup>xcvi</sup> Сондай, және де Францияға қарсы Кудерк пен Хачетт Флипаччи.
- <sup>xcvii</sup> Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының 1165 (1998) резолюциясы.
- <sup>xcviii</sup>  
ЕО Әмбебап директивасы деп аталатын, электронды коммуникация қызметі және желіге қатысты қолданушылар құқығы және әмбебап қызмет көрсету туралы 2002/22/ЕС Директивасын, және министрлер орынбасарларының 1094-ы кездесуінде 2010 жылы 29 қыркүйекте қабылданған, желілік бейтараптылық туралы ЕО Министрлер Комитетінің Декларациясын қараңыз.
- <sup>xcix</sup> Адам құқығы бойынша Комитет, Лесото блойынша соңғы ескертпе, 08/04/199 9, ЮНДОК. No. CCPR / C / 79 / Add.106, 23 тармақ.
- <sup>c</sup> Сенім еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу мәселесі бойынша Арнайы баяндамашы, Фрэнк Ла Рю есебі. 2011 ж. 16 мамыр, A/HRC/17/27. 30 тармақ.
- <sup>ci</sup> Сол жерде.
- <sup>cii</sup> ЕО Министрлер Комитетінің ақпарат және ойды білдіру еркіндігін қорғау туралы, сонымен қатар жиын еркіндігі және жолақтар атауы мен домендік атауларға қатысты қауымдастық декларациясы 2011 ж. 21 қыркүйек.

---

<sup>ciii</sup> Еуропарламент және Кеңес Директивасы, балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық қолдану және сексуалдық зорлықпен күрес, Кеңестің шекті шешімін ауыстыру 2004/68 / ПВД, ПЭ-СО S51/11, Брюссель 2011ж. , 4 қараша

<sup>civ</sup> Сенім еркіндігі және оның еркін білдірілуі құқығын қорғау және көтермелеу мәселесі бойынша Арнайы баяндамашы, Фрэнк Ла Рю есебі. 2011 ж. 16 мамыр, A/HRC/17/27. 55 тармақ.

<sup>cv</sup> Сол жерде.

<sup>cvi</sup> Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының Резолюциясы 2045 (2015), 2015 ж. 21 сәуірде қабылданған.

<sup>cvii</sup> Еуропарламент және Кеңес Директивасы, балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық қолдану және сексуалдық зорлықпен күрес, Кеңестің шекті шешімін ауыстыру 2004/68 / ПВД, ПЭ-СО S51/11, Брюссель 2011ж. , 4 қараша

<sup>cviii</sup> Ахмет Елдерим Түркияға қарсы (№ 3111/10), ЕСПЧ 458 (2012) шағым, 2012 ж. 18 желтоқсандағы шешім.

<sup>cix</sup> Еуропарламент және Кеңес Директивасы, балалар порнографиясы және балаларды сексуалдық қолдану және сексуалдық зорлықпен күрес, Кеңестің шекті шешімін ауыстыру 2004/68 / ПВД, ПЭ-СО S51/11, Брюссель 2011ж. , 4 қараша

<sup>cx</sup> Интернет қолданушылары үшін адам құқығы басты қағидалары туралы мүше-мемлекеттер министрлері Комитетінен CM/Rec(2007) 16 ұсыным.

<sup>cx i</sup> Delf Эстонияға қарсы, 2015 жылдың 15 маусымындағы шешім, № 64569/09 шағым.

<sup>cx ii</sup> Министрлер Комитетінің әлеуметтік желідегі адам құқығын қорғауға қатысты, мүше-елдерге CM/Rec (2012)4 Ұсынымы.

<sup>cx iii</sup> Сол жерде.

<sup>cx iv</sup> Сол жерде.

<sup>cx v</sup> Сол жерде.

<sup>cx vi</sup> Април Джонс: Мэтью Вудс Facebook-тегі жеке мінеп-сынаулары үшін түрмеге қамалды, Guardian, 2012 жыл 8 қазан.

<sup>cx vii</sup> 2013 ж. 20 маусымда күшіне енген, әлеуметтік желіде жасалған қылмысты соттық қудалау туралы ереже.